Бізде бай тіл, әлем классиктерімен бәсекеге түсетіні озық әдеби шығармалар жеткілікті. Тек оны ұқыпты, шебер аударумен ғана бағын жандыра аламыз. Ақиқатына келсек, қазір саралап, зерттеп талдағанымыздай, біздің аудармашылар бірқатар орыс, Батыс және Шығыс халықтары мен Америка әдебиеттерін сәтті аударды. Сапасыз, нашар аудармалар да бар. Тағы бір мәселе – аударма редакторларын даярлау ісі. Барлық аудармалар ешқандай рецензиясыз, әрі әдеби өңделмей баспадан шығарылуда. «Аударма» баспасы осыдан біраз жыл бұрын кеңестік кезеңдегі бірқатар классикалық туындылар аудармасын қайта шығарғанымен, кейбіреуінің сапасы сын көтермейді. Классиканың бәрін аудару міндет емес, ұлттық ерекшелігімізге лайықтысын бірінші кезекте тәржімалау қажет. Тәуелсіз елімізді рухани қазынасын шетелдік үздік әдеби шығармалармен, таңдаулы классикамен толықтыру – аса маңызды, игілікті іс. Көркем аударманы ұлттық әдебиетіміздің басты талабына біріне айналдыруға әркім жауапты демекпіз. Олай болса, аударманы оқыту, кәсіби мамандану, біліктіліктілері мен дағдыларын үйрету – біз үшін білім берудегі басты да жауапты үдеріс. Мұны әр оқытушы, профессор жүрегімен түсінеді.

Бізде теориялық кітаптар, ана тіліндегі аударматану жайлы оқу құралдары жеткілікті. Кейбір жаңа курстар, пәндер бойынша арнайы оқу құралдары жазылуда. Хрестоматиялар, тәжірибелік-зертханалық қосымша құралдар да, сөздіктер де біршама қамтылған. Әрине, әр оқытушының аударманы оқытудағы өзіндік әдіс-тәсілі бар. Ортақ мақсат – әр студентті кәсіби мамандануға машықтандыру, білім-біліктілігін арттыру. Бұл бағытта бізде 1 курстан «Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері», «Аударма теориясы» деген арнайы пәндер жүреді. Мұнда болашақ аудармашылар аударма және аудармашы мамандығы, оның қыр-сыры, құқығы, құзіреті, мәдениеті, әдебі, аудару техникасы, технологиясы туралы жан-жақты мәлімет алады.

Әрине, теориялық білім аудармашының мамандануына бағыт-бағдар бергенімен, негізгі мәселе олардың аудару тәсілдерін меңгеруінде, аудармаға машықтануында. Осыған байланысты әр студент ең алдымен шағын газеттік-публицистикалық мәтіндер, газет хабарлары, мақала, сұхбат үзінділерін аударудан бастап, ақпараттық аударманың басқа түрлерінен өздерінің аудару мүмкіндігін, қабілетін жетілдіреді. Ғылыми-көпшілік, техникалық, ресми-іскери, жарнама мәтіндерін аударып, оны талдайды. Аударма орыс тіліне, қазақ тіліне, керісінше қазақ тілінен орысша жүреді. Бұл дегеніміз, әр студенттің тілді қалай меңгергенін, аударуға бейімділігін, қандай аудару тәсілін қолданғанын және өзінің қай аударма түріне қабілеттілігін саралайды. Олар біртіндеп машықтану, бейімделу, үйрену, дағдылану қабілеттерін ағылшын тілін оқу арқылы тереңдете түседі. Ағылшын тілін қаншалықты жақсы меңгеру арқылы олар аудармашылық ізденістерін одан әрі жетілдіреді. Өйткені әлемдегі ең көп қолданылатын халықаралық тілді меңгеру – уақыт талабы болып отыр. Мұны Елбасымыз Н.Назарбаев өткен жылғы жолдауында атап көрсеткен еді.

Аудармашы екі-үш, тіпті, одан көп тіл білетін полиглоттық ерекшелікке ие болуы қажет. Сондықтан үш тілді кәсіби негізде жетік меңгеруі заңдылық. Біздің аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасында профессор-оқытушылардың әрқайсысы өзі оқытатын пәндерінен оқу құралы бар. Сонымен бірге аударманың тәжірибелік жұмыстарына арналған практикалық оқу құралдары, хрестоматиялар да бар. Ағылшын тілінде оқу құралдары жазылды. Көптеген профессор-оқытушыларымыз практикалық жағына өте көңіл бөледі. Бұлай болуы да заңды. Дегенмен, аударманы оқыту бірнеше пәндерді сабақтастыра жүргізумен байланысты. Мәселен, ақпараттық мәтін, заң, дін, медицина, спорт, мәдениет және түрлі ғылым салаларынан, жаратылыстану, қоғамдық пәндерден келетіндіктен, оқытушының әрқайсысының ерекшелігін білуі қажет.

Аудармада мәтін талдау әдебиеттану және лингвистикалық жүйеде жүретіндіктен, оқытушыға екі тілдің лингвистикасын жетік меңгерумен бірге, әдебиет теориясының заңдылықтарын жақсы білу міндеттелінеді. Әр студент аудару жүйесінің технологиясын, тәсілдерін жақсы меңгерсе де, кәсіби мамандану үшін аударма жасауды үйреніп, машықтанып, тәжірибе жинау – басты бағдар. Осыған бірқатар пәндер де, әсіресе студенттің өз бетімен жұмысында, оқытушымен жұмысында, дипломдық еңбегінде, магистрлік диссертацияларда басты көңіл бөлінеді. Аудармасы сарапталады, аударма шығармасын талдап, түжырымдап, бағалайды. Студенттердің сәтті аудармалары республикалық баспасөздерде жарияланып жүр. Ал 2-3-4 курс студенттері, магистранттардың «Бәйшешек» журналына топтастырылған аудармалары тәжірибелік үйренуде қолданылуда. Әрі аударма зерттеу мен аударманың ғылыми сынына бейімделуіне көмектесуде. Бұдан бөлек студенттердің аударманы талдап, зерттеу, оны бағалау бағыттары да теориялық білімді өзіндік ғылыми ізденіспен сабақтастырумен жүзеге асуда. Бакалаврда ауызша аударма түрлері оқытылуда. Аударманың ғылыми бағыты жүктелінуде.

Оқыту барысында студенттердің лингвистикалық және әр саладағы сөздіктерді пайдалануы, электронды сөздіктермен жұмыс жасауы қадағаланады. Аудару үдерісінің қиындығын, күрделілігін сезінген әрбір болашақ аудармашы теориялық білімін тәжірибелік жағынан жетілдіру арқылы кәсіби біліктілік негізін қалайды. Университетті бітірген кезде кәсіби маман ретінде кез келген салада табанды жұмыс жасай алады. Оған толық негіз қалау – біздердің, профессор, оқытушылардың басты бағдары, парасатты парызы. Сондықтан әр пәнді оқыту әдістемесі оқу-жұмыс бағдарламасына негізделеді.

Ташкеева Г.К.

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ ИНТЕРАКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

Образовательная среда, нацеленная на активизацию творческой деятельности студентов на основе использования интерактивных форм, методов, средств и приемов обучения, способствует развитию у студентов знаний и умений работать с информационными источниками, грамотно организовать общение с участниками педагогического процесса, формировать способности разрешения проблем. Непрерывное, систематическое взаимодействие педагога и обучающегося способствует успешной активизации совместной творческой деятельности.

Анализ учебных программ, учебных пособий по дисциплинам, изучаемым в высшем учебном заведении, позволил нам определить имеющийся в них потенциал для активизации творческой деятельности студентов. Следует отметить, что выявленный потенциал на практике не всегда реализуется полностью. Необходимо учесть особенности имеющегося потенциала и, следовательно, выполнить некоторые условия: вся учебно-воспитательная работа должна быть ориентирована на объект деятельности – целостный педагогический процесс; деятельность преподавателей должна быть направлена на активизацию творческой деятельности обучающихся; необходима практическая направленность процесса преподавания всех дисциплин, педагогических практик, научно-исследовательской работы, с учетом возможностей их взаимодействия в учебно-воспитательном процессе.

Построение системного представления о педагогическом процессе, то есть тех методологических позиций, на которых находится педагог, связано со знанием основных закономерностей педагогического процесса. Мы согласны с мнением Н.Д.Хмель, что знание этих закономерностей дает возможность, во-первых, получать оптимальные результаты практической деятельности; во-вторых, позволяет построить модель педагогического процесса, исходя из которой, возможно проанализировать реальный педагогический процесс, его положительные и отрицательные стороны, и в то же время смоделировать развитие положительного опыта [1, 2].

Если исходить из положения о готовности преподавателя к реализации двустороннего характера целостного педагогического процесса, то готовность обучающихся к активному участию в нем – это всегда продукт деятельности педагога.В таком случае средством формирования готовности обучающихся к взаимодействию в педагогическом процессе (с преподавателем, друг с другом) является систематическое включение их в различные виды учебной и внеучебной деятельности, то есть создание такой образовательной среды, которая активизирует не просто учебную деятельность, но и развивает у студентов творческое отношение к овладению знаниями.

Традиционно представленная в педагогическом процессе индивидуальная и фронтальная учебная и внеучебная деятельность обучающихся дает возможность качественно работать только с частью студентов, а это значит, что необходимый объем знаний, умений и навыков, заложенный в программах, усваивается менее чем половиной обучающихся.Из этого следует, что в традиционно инструментированном педагогическом процессе реально создается возможность активизации творческой деятельности только части обучающихся, причем это те, кто уже готов к работе. В совокупности вышеизложенных положений современные технологии обучения можно рассматривать как средство взаимодействия и повышения качества образования участников целостного педагогического процесса.

Практика показывает, что использование активных и интерактивных методов обучения позволяет педагогу организовать коллективную мыслительную деятельность с целью достижения положительного результата таким образом, что обучающийся становится исследователем, способным творчески подходить к выполнению учебных заданий, при этом рефлексировать действия.

В нынешних условиях развития рынка образовательных услуг в Казахстане и требований эпохи информационных технологий, преподавание должно сочетать в себе выработанные практикой директивную и современную, носящую информационный характер, интерактивную модели обучения.

Для экспериментальной проверки эффективности методики внедрения модели активизации творческой деятельности студентов в образовательной среде высших учебных заведений нами был разработан спецкурс (Таблица 1) и методические рекомендации к организации образовательной среды интерактивного обучения.

Таблица 1 – Спецкурс «Активизация творческой деятельности студентов на основе интерактивного обучения» (1 кредит)

Тема занятия	лек	СРСП	СРС
Введение. Сущность понятий «активность», «активизация», «творческая деятельность», «образовательная среда» и их взаимодействие	2	2	2
Психолого-педагогические основы творческой деятельности обучающихся	2	2	2
Структурно-содержательная модель активизации творческой деятельности студентов в образовательной среде вузов	2	2	2
Отражательно-репродуктивный и отражательно-творческий уровни мышления и их роль в активизации творческой деятельности обучающихся	2	2	2
Характеристика методов активизации творческой деятельности обучающихся (проект, КТД (коллективная творческая деятельность), метод проблемного изложения материала, метод дискуссии, метод интервью и др.)	3	3	3
Организационные формы обучения, направленные на активизацию творческой деятельности субъектов педагогического процесса	2	2	2
Разработка творческих заданий для самостоятельной работы обучающихся	2	2	2
Всего	15	15	15

В основу разработанного нами спецкурса были положены ведущие идеи личностно-деятельностного подхода к процессу активизации творческой деятельности обучающихся; интеграции в педагогическом процессе; использования воспитательных механизмов целостного педагогического процесса.

В организации обучения мы стремились к включению студентов в такую обучающую среду, где студент вступает в диалог с однокурсниками, с педагогом. Он обязательно проговаривает изучаемый материал, рассуждает, задает вопросы, отвечает, оценивает. Причем, обязательно использует научные понятия, термины. Таким образом, студент вникает в изучаемый материал, работает с учебником, оперирует мыслительными операциями анализа, синтеза, сравнения, сопоставления и др. По нашим наблюдениям в такой обучающей среде нет «пассивных студентов», активны абсолютно все. Так или иначе, интерактивная среда вовлекает в познавательную деятельность всех участников педагогического процесса, при этом наблюдается активизация их творческой деятельности.

При определении места спецкурса в учебно-воспитательном процессе высшего учебного заведения, мы основывались на следующих положениях:

- спецкурс это системообразующее звено в целостном педагогическом процессе высшего учебного заведения, который ориентирован на активизацию творческой деятельности обучающихся;
- спецкурс является своеобразным продолжением курсов психолого-педагогических дисциплин, так как при его изучении предполагается опора на знания студентов по педагогике, психологии, истории педагогики, методики преподавания учебных дисциплин, методики воспитательной работы, спец дисциплин;
- спецкурс обязательно должен предшествовать педагогической практике потому, что полученные теоретические знания должны быть закреплены в практической деятельности студентов.

Цель спецкурса: организация обучения и учения студентов в интерактивном режиме, где формы, методы, приемы и условия совместной работы субъектов педагогического процесса характеризуются активизацией творческой деятельности личности.

Достижение этой цели связано с решением следующих задач:

- ознакомить студентов с формами и условиями интерактивного обучения, способствующими активизации их творческой деятельности;
- определить содержание методов и приемов интерактивного обучения, влияющих на активизацию творческой деятельности студентов;
- раскрыть условия создания образовательной среды интерактивного обучения, влияющие на активизацию творческой деятельности студентов;
- дать методические указания по разработке и выполнению учебных заданий, направленных на активизацию творческой деятельности субъектов педагогического процесса.

Объем спецкурса рассчитан 1 кредит (45 часов): лекционные занятия – 15 часов, самостоятельная работа студентов под руководством преподавателя (СРСП) – 15 часов, самостоятельная работа студентов (СРС) – 15 часов.

Каждое занятие, к которому мы готовились, включало один или более исполнительных целей. С преподавателями проводилась отдельная работа (обучающие семинары, заседания методических советов, круглые столы, индивидуальные беседы и др.), которая включала вопросы образования интерактивной среды с целью совместного творчества, взаимодействия в системе «преподаватель-студент», «студент-студент», «студент-группа студентов». Мы обучали преподавателей созданию максимально благожелательной обстановки, условий для осмысления студентами дидактического материала, формирования мотивации обучающихся, направленной на успешность учебной деятельности.

Как было указано выше, содержание спецкурса было разработано таким образом, что достижение цели и решение задач было основано на широком использовании интерактивных методов и форм организации учебного занятия. При этом студенты работали индивидуально, в паре, в группе над изучением сущности ключевых понятий, изучали различные уровни мышления, акцентировали свое внимание на особенностях творческого мышления, осваивали методы, способствующие активизации мыслительной деятельности, рефлексии самостоятель-

ной работы. Так, например, в образовательной интерактивной среде активизацию творческой деятельности субъектов можно наблюдать следующим образом:

а) в системе «студент-студент» преподаватель дает задание, которое выполняется индивидуально, а затем обсуждается в паре (метод мозгового штурма, учебные тексты и др.). Обсуждение изучаемой темы в парной работе способствует совместному поиску знаний, сотворчеству, взаимопроверке, взаимооценке, взаимопомощи. Таким образом, студенты формируют в себе качества доброжелательного отношения друг к другу, уважительного отношения к чужому мнению, ответственности за качество обучения;

б) в системе «преподаватель-студент»: преподаватель, выступая в роли фасилитатора (facilitator – англ.), то есть активного помощника в процессе самообразовательной работы, подходит к каждому студенту, в ходе интерактивного обучения и интересуется вопросами продвижения познавательно-творческого процесса. Преподаватель, вступая в диалог со студентом или группой студентов, стремится не давать готовых знаний, а направляет, координирует, корректирует, инициирует их учебные действия. Таким образом, студент (группа студентов) учится самостоятельно находить решения задач, принимать и понимать ответственность за окончательные выводы, заключения, творчески подходить к организации деятельности и выполнению учебных заданий. Особо следует отметить роль преподавателя в демонстрации образца личностной культуры, построения грамотного общения между участниками педагогического процесса, толерантности, четкого изложения мысли, разработки творческих заданий, создания благожелательной образовательной среды;

г) в системе «студент-группа студентов» очень важно формирование образовательной среды, где каждый участник чувствует благоприятную психологическую атмосферу, характеризующуюся совместной поисковой деятельностью, направленной на достижение цели и решения учебных задач. Студенты дискутируют, анализируют, принимают совместные решения, оценивают друг друга, делают выводы о качестве выполненной работы, намечают перспективы. При этом отношения одного студента к групповой работе или отношение группы к одному конкретному студенту определяются проявлением активности, творчества, стремлением каждого внести свой посильный вклад в общее дело. То есть, каждый должен почувствовать ответственность за содержание и результаты выполняемого задания. Особое внимание уделяется формированию коммуникативных качеств, творческих способностей, педагогического сотрудничества.

Мотивирование. В создании интерактивной образовательной среды большое значение приобретают следующие моменты учебного занятия: интерес к изучаемой теме; образ преподавателя; мотивация; обеспечение информационными и техническими средствами, направленными на активизацию творческой деятельности; разработка учебных заданий, включающих элементы творчества, самостоятельный поиск знаний; бодрящие разминки; использование учебного материала позитивного характера;гуманистическая направленность учебного занятия; включение элементов игровой деятельности.

Текущая проверка – это постоянный процесс, который должен исполняться в течение всего образовательного курса, начиная с момента, когда впервые была представлена тема занятия. Преподаватель ведет своих студентов к пониманию материала при помощи текущей проверки. Результаты позволяют преподавателю спроектировать занятие таким образом, чтобы устранить любое замешательство, пробелы в знаниях и умениях в течение образовательного процесса.

Текущая проверка сильно варьируется по уровню своей специфичности и формальности. Иногда удобно проводить текущую проверку в малых группах; некоторые занятия требуют письменных тестов, а другие – устной проверки. Например, можно начинать занятие с неформального обсуждения предыдущего вопроса, то есть с того, что запомнили студенты. Использование текущей проверки помогает быть уверенным, что студентов не толкают к изучению новых тем и целей, прежде чем они не достигли успеха в системе умений, которые нужны для дальнейшего усвоения новых знаний.

Участие студентов в учебном процессе. Важным элементом интерактивной образовательной среды является общение студентов между собой и с преподавателем, являющееся основой развития теоретического мышления с такими его составляющими как выдвижение идей, планирование, анализ, общение, содержательная рефлексия. В процессе

учебной деятельности создание интерактивной среды способствует решению задач развивающего обучения, возникновению условий для развития ценностной, личностно-смысловой сферы обучающихся. Одновременно решаются задачи воспитательного характера. Например, благожелательная атмосфера образовательной среды интерактивного обучения влияет на формирование таких качеств личности, как сосредоточенность, культура общения, толерантность, аргументированность и доказательность речи.

Участие студентов в учебном процессе, где широко используются интерактивные формы и методы обучения способствует развитию у них качеств самоорганизации, самоактуализации, что очень важно с точки зрения социализации. Мобильность, быстрая адаптация к новой среде, построение взаимоотношений с людьми разных категорий – вот неполный перечень решаемых задач в интерактивном обучении.

В организации интерактивного обучения очень важно тщательно планировать деятельность студентов. Студенты должны знать, что преподаватель не только наблюдает за их действиями, но может вовремя подойти на помощь, смоделировать необходимые процедуры, как например, обеспечить студентов дидактическими материалами, информационными источниками. Студентам следует разъяснить, какие результаты ожидаются при выполнении заданий. На занятиях преподаватель обязан сообщать студентам результаты их работы, комментировать ход и качество выполняемых действий, дать понять, что работа в аудитории один из приоритетов учебного процесса. Тем не менее, самостоятельная работа студентов – это часть учебной деятельности, являющейся продолжением процесса познания и творчества.

Завершение служит для синтеза и обощения всех элементов учебного занятия. Завершение занятия следует рассматривать как один из важнейших аспектов учебной деятельности студентов. Интерактивная образовательная среда должна способствовать усилению ключевых моментов занятия, акцентируя внимание студентов на взаимосвязи пройденного материала с новым, определяя перспективы дальнейшего развития изучаемой темы. Это делают студенты самостоятельно или занятие завершает преподаватель при активном участии студентов.

Методы, которыми завершается занятие, также важны как и содержание завершения. Мы рекомендуем следущее: конечные предложения должны также активизировать аудиторию. Можно попросить их указать основные пункты занятия, дать задание провести параллель между содержанием предыдущего и сегодняшнего занятия. Иногда можно и не завершать занятие, в этом случае нужно дать студентам исследовательское задание. Некоторые занятия могут содержать три и более отдельных завершения. Завершение должно соответствовать самому занятию, необходимо помнить: учебный процесс не постоянен, он всегда должен совершенствоваться и модернизироваться.

Оценка. Данная процедура является важным элементом любого учебного процесса, но в интерактивной образовательной среде она имеет свои особенности, которые определяются такими понятиями как: самооценка, взаимооценка, коллективная оценка. Студенты учатся рефлексировать свою деятельность, соответсвенно оценивать себя и сокурсников, вырабатывают критерии, учатся объективности, достижению истинных знаний. Так, процесс оценки и взаимооценки организуется преподавателем, который приучает студентов детально анализировать свои учебные действия, творчески подходить к решению задач, показывать примеры оценивания. Предлагаются критерии оценки, способствующие глубокому осмыслению содержания изучаемой темы, тщательному анализу, умению синтезировать детали изучаемого материала, делать выводы, принимать решения. В такой среде у обучающихся вырабатываются знания и умения оценивать решаемую проблему с различных точек зрения, отсекая элементы необъективности, неадекватности самооценки, и наоборот, привлекая возможности достижения истинного результата и его оценки. Одним из основных правил интерактивного обучения является использование поощрительных реплик, в которых отсутствует частица «не». Например: «Неправильно», «Неверно», «Нет, ошибка!» и т.д. Такого рода реплики способствуют торможению мыслительной активности, ну, а о творчестве здесь не может быть и речи. Наоборот, любое малейшее усилие, замеченное преподавателем должно сопровождаться поощрением, поддержкой, уверенностью в успехе студента.

Дидактические материалы и техническая оснащенность образовательной среды интерактивного обучения включают в себя учебно-методическую документацию, раздаточные

материалы, учебные тексты, как дополнительный материал, учебники и дополнительную литературу, аудио-видео-оборудование, лабораторные приборы и принадлежности. Параллельно с изучением спецкурса «Активизация творческой деятельности студентов на основе интерактивного обучения» необходима организация учебной и научно-исследовательской работы: курсовые, дипломные проекты, НИРС.

Подводя итоги, мне бы хотелось подчеркнуть, что активизация творческой деятельности студентов на основе интерактивного обучения не только необходима, но и возможна в условиях высшего образования. Причем, если в образовательной среде мотивация учебно-познавательной деятельности устойчива и перерастает из интереса в потребность, если студенты владеют умениями и способами работы в интерактивном режиме, обладают основными интеллектуальными операциями, характер управления познавательной деятельностью с внешнего меняется на внутренний, учебно-познавательная деятельность имеет творческий характер, тогда процесс активизации творческой деятельности можно считать сформированным.

Литература

1. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. – Алма-Ата, 1990. – 194 с.

2. Хмель Н.Д. Технология реализации целостного педагогического процесса //Программа спецкурса для магистратуры университетов. – Алматы: Қазакуниверситеті, 1998. – 24 с.

Тен Ю.П.

ИНВАРИАНТНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ КОРЕЙСКОГО ЯЗЫКА НА КАФЕДРЕ ДАЛЬНЕГО ВОСТОКА КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

Активное внедрение информационных технологий, инвариатных технологий обучения в образование оказывает существенное влияние на создание образовательных систем, ориентированных на личностное и проблемное обучение. Данное направление является одним из актуальных современных тенденций в системе подготовки высококвалифицированных специалистов, который должен владеть несколькими иностранными языками. В век межкультурных коммуникаций особое внимание уделяется созданию многоязычной и поликультурной личности.

В докладе рассмотрим практическое применение информационных технологий в обучении корейскому языку на кафедре Дальнего Востока КазНУ им. аль-Фараби. Определим что такое электронное обучение или e-learning?

Термин «e-Learning» впервые появился в 1995 году. E-learning – сокращение от англ. Electronic Learning. Далее будет использован термин e-learning. E-learning - система электронного обучения посредством информационно-коммуникационных технологий, синоним следующих терминов, как электронное обучение, дистанционное обучение, обучение с применением компьютеров, сетевое обучение, виртуальное обучение, обучение при помощи информационных, электронных технологий или on-line обучение [1, 32].

Как образовательную деятельность e-learning целесообразно рассматривать на четырёх взаимосвязанных уровнях – теории, практики, методологии и методики. Нами рассматривается на уровнях – практики и методики.

В настоящее время теория e-learning интенсивно развивается, но пока ещё не сложилась в сколько-нибудь законченном виде. В неё могут войти, в качестве основы, педагогическая теория, в обновлённом варианте специальной педагогики, вместе с элементами информатики, программирования и педагогической теории измерений. В Южной Корее внедрение e-learning проводилось для школьников. Это всемирный первый проект электронного обучения (2004), предпринятый на национальном масштабе. Учебные услуги для школьников предоставляется через образовательный сайт, как например "kulmat.com," что означает «местоположение медового вкуса», управляемого 16 муниципальными Офисами Образования.

Активное и эффективное внедрение информационных технологий в образование является важным фактором создания системы образования, отвечающей требованиям информационного

общества и процессу реформирования традиционной системы образования в свете требований современного индустриального общества [3].

На уровне практики e-learning предполагает использование в учебном процессе ИКТ. Применительно к обучению выделяют следующие виды ИКТ [3]: компьютерные обучающие программы (электронные курсы и учебники, тренажеры, тьюторы, лабораторные практикумы, тестовые системы); обучающие системы на базе мультимедиа технологий; интеллектуальные и обучающие экспертные системы; базы данных по отраслям; средства телекоммуникации (электронная почта, телеконференции, сети обмена данными и т.д.); электронные библиотеки, распределенные и централизованные издательские системы.

На методическом e-learning требуются соответствующие разработки по информатике, технике и программированию, педагогике и педагогическим измерениям, по психологии и эстетике. Однако ИКТ не разрабатывались специально для образования, поэтому остается много нерешенных проблем, связанных с анализом их дидактических свойств и разработкой методик их применения в учебном процессе. Неслучайно в последние годы активно развивается электронная педагогика [4].

Одна из современных тенденций в методике обучения иностранным языкам это – blended learning (смешанное обучение), в рамках которого сочетаются традиционное (аудиторное) обучение и виртуальное обучение на основе сетевых учебных курсов.

Наряду с традиционными практическими занятиями, преподаватели кафедры Дальнего Востока активно используют образовательные ресурсы. Так, Global Class это - специально оборудованая аудитория, которая является пилотным проектом кафедры Дальнего Востока. Оснащенная специальным оборудованием аудитория даёт возможность проводить в онлайн режиме видео лекции, видео-конференции и семинары. В 2013 году кафедра Дальнего Востока КазНУ им. аль-Фараби совместно с университетом Ханян (Республика Корея) начали проводить обучение в онлайн режиме. Проект «Global e-School» финансирует Корейский фонд. Курсы проводятся на корейском и английском языках. Около 48 студентов факультета востоведения и факультета международных отношений прошли данный курс обучения и получили сертификаты. В 2014 - 2015 учебном году проект Global Class продолжает свое активное обучение. 8 сентября 2014 года студенты прослушали лекцию профессора Ли Хи Вон на тему «Korean Films and Culture Reading». 9 сентября студенты прослушали лекции (профессора Им Ён Сун на тему «North Korean Politics and Society» и профессора Хан Хон Юль на тему «Korean Economy»). Ученые продолжат обучающий курс в онлайн режиме из Кореи. Данные лекции могут прослушать не только студенты Востоковедения, но и студенты, магистранты, докторанты, а также преподователи других вузов. В учебном процессе по корейскому языку преподаватели используют образовательные Интернет-порталы. Интернет-портал – удобная для студентов и преподавателей информационная и обучающая среда, которая дает возможность удовлетворять индивидуальные информационные и образовательные потребности, получать необходимые знания в научных и информационных поисках, а также для профессионального общения.

На современном этапе состояния методики преподавания корейскому языку имеется достаточное количество дидактических материалов (аудио- и видеоматериалы, книги, полезные ссылки и др.), которые предлагают образовательные Интернет-порталы корейского языка [5,3] :

1) Koren Lecture (문화체육관광부). 외국인 초급 학습자. – URL: 문화체육관광부 English 홈페이지.

2) KOSNET(국립국제교육원). 재외동포 및 외국인, 유아-성인 학습자. – URL: http://www.kosnet.go.kr

3) Study Korean (재외동포재단). 재외동포 및 외국인, 청소년, 성인 학습자. Study Korean Basic, plus, Advanced. – URL: http://study korean.net./

4) 국립국어원. 두근두근 한국어. 바른 소리, 표준국어대사전, 맞춤법, 표준어, 외래어, 국어의 로마자 표기. – URL: http://www. korean.go.kr/

5) 누리세종학당 (세종학당재단). 외국인 학습자. 한글, 초급, 중급, 고급. 세종한국어 1-8; 한국어 교재, 가요, 동화 등 교사용 교육자료, 교안 등. – URL: http://www.sejonghakdang.org/

6) Learning Korean (경희사이버대학교) . 외국인 초급 - 성인 학습자. 기초, 초급 I, II, 한국문화. – URL: http://lk.khcu.ac.kr/

7) 바른 한국어 (고려사이버대학교). 한국 1-4. – URL: http:// korean.cuk.edu /

8) SELKO (self-learning Korean) (게이노트). 외국인 초, 고급 학습자. 한국어 1-6. – URL: http://www. selkowed.com/index.jsp/



Рис. 1 Главная страница 재외동포재단 study korean.net



Рис. 2 Главная страница 세종학당재단 sejonghakdang.org



Рис. 3 Главная страница 경희사이버대학교 lk.khcu.ac.kr

Данные системы также называют обучающими платформами, платформами электронного обучения. В рамках этих платформ используется широкий спектр интернет-технологий. Обучающие платформы – это образовательные среды для предоставления учебных курсов on-line, обслуживания и управления ими, администрирования процесса обучения.

В формировании коммуникативной компетенции ведущя позиция отводится грамматике. Проблема формирования грамматических навыков является одно из наиболее актуальных. Формирование грамматических навыков возможно при помощи наглядности посредством сети

Интернет. Изучение грамматических форм вызывает часто пассивную работу студентов и ограничивается сухим заучиванием конструкций. Такую можно разнообразить применением материалов Интернет-сайта http://www. selkowed.com/index.jsp/.



Рис. 4 Презентация грамматических форм

Выполнение упражнений на закрепление грамматических форм также можно использовать интернет-технологии.



Рис. 5 Упражнение на закрепление грамматических форм



Рис. 6 Упражнение на подстановку грамматических форм

В заключение хотелось бы отметить, что, безусловно, современные ИКТ предоставляют преподавателям широкий выбор средств обучения, позволяют воплотить в жизнь принципы индивидуализации, активизации, усилить мотивацию, реализовать деятельностный подход в обучении корейскому языку, но полученный опыт подтверждает тот факт, что только грамотное их применение, а также тщательный отбор содержания будут способствовать достижению результата в соответствии с поставленными целями и задачами.

Литература

1 Яковлев А.И. Информационно-коммуникационные технологии в образовании / А.И.Яковлев // Информационное общество. – 2001. –Вып. 2. –32-37 с.

2 http://www.wikipedia.ru

3 Что такое E-learning [Электронный ресурс] // URL: http://e learning tools/ru/ articles/chto_takoye_ e_learning. html. (16.10.2015)

4 Донецкая, О.И. Интернет-технологии в обучении иностранным языкам: учебно- методическое пособие / О.И. Донецкая, А. Зорге, Т.К. Иванов., Р. Квирин, В.С. Макаров, А.Хафенштайн. – Казань: КГУ, 2009. – [Электронный ресурс] – URL: http://old.kpfu.ru/f21/k2/posob/index1.htm (17.10. 2015).

5 장 미라. 멀티메디아 활용한 한국어 교육. -경희사이버대학교. – 2015.- 3-4с.

Тилеужанова Г.Т., Тастемирова Г.А., Сапаева Г.Е.

ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Елімізде жүріп жатқан терең экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, кәсіби қызметтің барлық сферасында мамандарды даярлау іс-әрекетін жаңаша түрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Тыңдаушы жоғары деңгейде дамыған, коммуникативті ептіліктерді меңгерген, өзгермелі ортаға бейім, алғыр, бәсекеге қабілетті тұлға болуы тиіс.Сондықтан, жоғары оқу орнында барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық инновациялық білім беру технологияларын, интерактивті оқытуды, оқу іс-әрекетінің жаңа әдістері мен тәсілдерін белсенділікпен қолдану – маңызды мәселелердің бірі.

Шетелдік тыңдаушыларды оқытуда біздің алдымыздағы басты міндет – тілді үйретудің ең қолайлы амал-тәсілдерін таңдап алу. Тыңдаушылар қазақ тілі пәні арқылы өз ойларын сауатты жазып, дұрыс айтуға, қазақ тілінің тілдік жүйесін лексикалық, грамматикалық, орфографиялық нормаларын жетік меңгеруге үйренеді. Мемлекеттік тілді меңгерудің ең бастысы – тыңдау, сөйлеу, ойлау, оқу, жазу тіл үйрену. Қазақ тілін шетелдік тыңдаушыларына оқытудағы басты мақсатымыз- олардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып,айта білуге,сауатты жазуға,бір-бірімен сөйлесе білуге, оқығанын, көргенін, естігенін қысқаша әңгімелеп бере алуға дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу. Тыңдаушыларды оқытуда инновациялық технологияны қолдану тәжіри-беміз оқу сабақтары барысында тыңдаушылар мен оқытушылар арасында, сондай-ақ білім алушылар арасында анағұрлым продуктивті және конструктивті қарым-қатынастың орнағанын, олардың өз бетінше ізденіп, шығармашылық қабілеттіктерін көрсеткендігін ерекше атап өтуге болады. Оқу сабақтарын талдай келе, оқыту технологиялары әрқашан тыңдаушылардың танымдық, әлеуметтік белсенділіктерін оятып, олардың оқу мотивациясының артуына, білім құндылығына сенуіне игі ықпалын тигізеді деп есептейміз.

Бүгінгі таңда университетте оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Білім берудегі инновациялар – қоғамның дамуының қажетті және табиғи шарты. Мемлекеттік тілді оқыту жүйесі қарапайым және бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгей бойынша базалық және пәндік құзыреттерді жүзеге асыра отырып, қазақ тілін қатысымдық түрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай тыңдаушыны тілдік білім негізінде сауатты жазуға үйрету арқылы тыңдаушыға қазақша тілдік қатынасты игерту мақсатын көздейді. Осы аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланған орынды.Компьютерлер мен интерактивті тақтаны тыңдаушылардың тілдік құзіреттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану интеллектуалдық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық үрдіс тиімділігін арттырады.Ақпаратты технологияны пайдалану оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді .Тыңдаушылардың Қазақстанда қолданылатын кириллицаның емлесін білмейді және осы таңбамен жаза алмайды, оқи алмағандықтан біршама қиындық тудырады. Соңғы кезде сабақта оқытушылар өзінің немесе маман дикторлардың, өнер қайраткерлерінің орындауындағы тақырыптарды тыңдатып, жаттықтыру жұмыстарын кеңінен жүргізіліп жүр. Сабақта аудиомәтіндерді пайдаланудың орны ерекше. Аудиомәтіндерді пайдалану арқылы диктант жұмысын жүргізуге болады. Сол арқылы өлеңді оқуға және жаттауға, үйретуге мүмкіндік зор. Бүгінгі таңда оқу үдерісінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар оқытудың жаңа әдістері, яғни инновациялық әдістері де жиі қолданылады. Оқу үдерісінде оқытудың озық технологиясын қолдану- бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан да біздің оқытушыларымыз үнемі ізденіс үстінде. Олар заман талабына сай, тыңдаушылардың білімін тереңдету үшін, тілге деген қызығушылығын арттыру үшін көп еңбек етуде, әр сабақта олар тест сауалдарымен жұмыс істейді.

Аудиоматериалдарды сабақта ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізу және тыңдаушы ойын түжырымдап айтуға үйрету мақсатында қолдануға болады. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін тыңдаушының тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты.

Компьютерлік ойындар жаттықтыру, оқыту және дамыту сипаттарын ескере отырып жасалынса, олардың әрбір тыңдаушының білім сапасын арттыруға тигізер пайдасы зор.

Білім беруді ақпараттық технология жаңалықтарымен толықтырып отыру елімізде білім беру сапасын арттырудың басты бағыттарының бірі.

Диктордың оқуымен жазылған жазбаларды, қолдану барысында мынадай мақсаттарды орындауға қол жеткізу болады:

1. тыңдаушыларға қазақтың сөзін түсінуге үйрету;

2.жеке дыбыстарды, сөздерді, сөз тіркестерін т.б. дұрыс айтуға жаттықтыру;

3. тыңдаушыларды дұрыс оқуға үйрету;

Техникалық құралдар оқытушыны жаттығу жұмыстарынан босатады.Техникалық құралдарды сабақта тиімді қолдану арқылы оқытушының уақыты үнемделіп, ол бос уақытын нашарлау оқитын тыңдаушыға жұмсауға мүмкіндік алады.

Тіл үйретуде қазір де қолданыста бар техникалық құралдардың тағы бірі - диафильмдер. Диафилъмдер белгілі бір тақырыпқа арналып дайындалады. Диафилъмнің ыңғайлы жағы оқытушының өз қалауынша диафильмге арнайы үнтаспа жазып қолдануына мүмкіндігі бар болатындығы. Диафильмдер негізінен оқушының сөйлеу тілін дамытып, коммуникацияға жетелейді.

Тілді үйретуде кеңінен қолданылатын ақпараттық құралдардың бірі - оқу фильмдері.

Фонетикалық жаттығулардың хормен жасалуы тілі үйретуде өте тиімді. Қазір лингафон кабинеттерін жабдықтап, арнайы кабинеттер жасалынды. Қазақ тілі пәнінде түрлі жаттығулар лингафонның көмегімен орындалып, тыңдаушыларды қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге үйретіп, сөйлер алдындағы психологиялық кедергілерді жоюға көмектеседі.

Лингафон кабинетінің тиімді жағы ол тыңдаушылардың бір-біріне кедергі жасамай, жеке-жеке өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Оқытушы кезек-кезек өзіне керек тыңдаушыны тыңдап, сұрақ қойып, жауап алуына мүмкіндік алады. Лингафонмен жұмыс істеудегі көзделетін ең басты мақсат - тыңдағанын түсіне алу және сөйлей алу.Тыңдаушылар бір-біріне кедергі келтірмей бір мезгілде бәрі дауыстап сөйлей алуға мүмкіндік алады.Лингафон кабинетінде жұмыс істеудің тағы да бір тиімділігі тыңдаушының белсенді болуына жағдай туады.Лингафон кешенінің көмегімен дұрыс сөйлеуге қол жеткізе отырып тіл үйренуші тыңдаушының сөз мәнері мен сөйлеу жылдамдығы қазақтың сөз нормасына жақындауына әсер етеді.Дыбыстардың қысқа немесе созылыңқы айтылуы, сөздердегі екпіннің және сөйлемдердің дауыс ырғағы т.б. бәріне техникалық құралдар қолдану тиімді деп есептеледі деп саналады. Дегенмен барлық істелетін жұмысты қадағалайтын пән оқытушысының алар орны ерекше .

Танымдық әрі білімдік компьютерге арналған бағдарламалар сабақта және сабақтан тыс кезде компьютерді қолдануға өте қолайлы. Ойын элементтері бар бағдарламаларды қолданып оқытушы тыңдаушымен жеке және топтық жұмыстарды жасай алады. Тыңдаушылар заттарды атау, суреттердегі сөздерді оқу, қысқа әндерді айту арқылы тілді табиғи әрі жеңіл түрде меңгереді.

Ойындар арқылы тілді меңгерту білім беру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі болып есептеледі. Түрлі мультимедиалық ойындар тіл үйренушінің сөз қорын молайтуға, грамматиканы меңгеруге, тілді естігенде түсінуге, дұрыс жазуға көмектеседі.

Бүкіл топпен атқарылатын жұмысқа арналған бағдарламалар тыңдаушылардың оқу үдерісіне белсене араласуын көздейді. Оқытушы бағдарламаны көрсетіп, тыңдаушылар компьютер экранынан көргендерін онымен бірге талдайды. Ал бұндай жұмысты қазір интербелсенді тақталар арқылы жүргізу, жұмысты тыңдаушы үшін ерекше қызықты етеді. Дискіге жазылған сабақтарда диалогтар, ойындар, елтануға байланысты видеороликтер беріледі. Оларды оқытушы субтитрымен немесе субтитрсыз да көрсете алады.

Компьютерлік бағдарламалар бастапқы, ортаңғы және жоғарғы болып үш деңгейге бөлінеді. Тапсырмалардың бұлай үш деңгейлі болуы тыңдаушының бір деңгейден екінші деңгейге өтуге талпынтып, ынталануға жетелейді. Тапсырмалардың алуан түрлі болуы тыңдаушыларды қызықтырады әрі мұғалім жеке тапсырмалар беру арқылы олардың білім деңгейін нақты анықтай алады.

Тіл үйренуде Интернет жүйесін қолдану қазіргі кезде дүние жүзінің дамыған елдерінде дұрыс жолға қойылған.Интернеттің атқарар қызметі өте үлкен.Интернет жүйесіненде алынған

мәліметтер арқылы монолог және диалог түріндегі сөз біліктілігін жетілдіруге болады.Әлемдегі адам баласының өміріне байланысты жаңалықтарды оқып қана қоймай, тыңдауға да мүмкіндік бар.Электронды почтаны қолдану барысында тыңдаушы өзара достық қарым-қатынас орнатыды,хат жазу арқылы тілін дамытады.

Компьютерлік технологияның тағы бр жаңалығы - интербелсенді бейне. Тыңдаушылар оқу фильмінің іс-әрекетіне қарай жауап беріп, сөйлеп үйренеді.

Ақпараттық техникалық құралдарды оқытуда қолданудың тиімді жақтары деп мыналарды атауға болады:

- сабақты сапалы әрі қызықты ету;
- грамматиканы,лексиканы,фонетиканы дұрыс меңгеруіне көмектесу;
-тыңдаушыларды тілді үйрену барысында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өз беттерімен ізденуге дағдыландыру;

Әдебиеттер:

1. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
2. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007
3. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

Токкарина А.М.

ЖАПОН ЖАЗУЫНДАҒЫ ИЕРОГЛИФТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Бұл мақалада қазіргі таңдағы жапон иероглифінің жапон жазбасындағы алатын орны, шетел азаматтары жапон тілін оқу барысында үлкен кедергі туғызатын иероглифтерді алып тастау мәселелері, иероглифтің балама жолдары қарастырылған. Зерттеу жұмысының мақсаты-жапон иероглифінің жапон жазбасына қажеттілігін анықтау. Зерттеу барысында жапон иероглифінің артықшылықтарымен кемшіліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: иероглиф, кана, дәстүрлі жазу, канго.

Японские иероглифы в современной японской писменности

В данной статье рассматриваются японские иероглифы в современной японской писменности, а также вопросы по удалению иероглифов в изучении японского языка иностранным гражданами и поиск альтернатив иероглифам. Целью исследования является выявление необходимости иероглифов в японской писменности. В ходе исследования, выявлено приемущества и недостатки японских иероглифов.

Ключевые слова: иероглиф, кана, традиционная писменность, канго.

Japanese characters in the modern Japanese writing

This article discusses Japanese characters in contemporary Japanese j. jaunsudrabins focus on writing, as well as questions on removing characters in studying Japanese foreign nationals and the search for alternatives to characters. The aim of the study is to identify the appropriate characters in the Japanese j. jaunsudrabins focus on writing. The study identified advantages and disadvantages of Japanese characters.

Tags: character, kana, the traditional alphabet, the Kangoo.

Жапон жазуындағы ең маңыздысы да игеруге қиыны да– иероглифтер болып табылады . Кананы ғана білетін адамдардың Жапонияда сауатсыздар қатарына жатқызылуы бекер емес. Иероглифтік жазбаны қолданатын Жапонияда ғана емес, басқа да мемлекеттерде иероглификаны реформалау мәселесі бірнеше рет көтерілген. Сондықтан бұл жазудың артықшылықтары мен кемшіліктері қызу талқылануда.

Иероглифтерді қолдайтын және оларға қарсы дәлелдер XX ғ. 30 жж жариялана бастады. Кеңес Одағының ірі қытайтанушы академик В.М.Алексеев, сол кездегі ғалымдардың көпшілігі

секілді иероглифтік жазуды жоюды жақтады, алайда ол қарсы дәлелдерді де ескерді.Егер иероглифтер кейбір кездері әріптен қиын болса, басқа жағдайда олар кешен ретінде қарапайым» деп жазған болатын. Иероглифтер артықшылықтарының қатарында, ол бір белгімен үзақтығына тәуелсіз түтас бір кешенді жазу мүмкіндігін, графикалық сипатынан оның мәнін жорамалдауға болатынын, иероглифтің омонимиядан арылудағы ролін, сонымен қатар мәдени дәстүрлердің иероглификамен тығыз байланысын көре білді. Бұған иероглифтердің айтарлықтай ыңғайсыздық тудыратындығы қарсы шығады: белгілердің күрделілігі, оларды есте сақтаудың қиындығы, оларды үйретудің үзақтығы, сонымен қатар иероглифтер жүйесінің көнелілігі мен сөйлеу барысында оларды жазудың ыңғайсыздығы жатады.

Қазіргі жапон тілші ғалымдары да компьютерлендіру аспектілерін қосып, осы жөнінде айтады. Жапония еуропалық мәдениетке қосылғаннан кейін иероглификаны жоюды жақтаушылар көбейді. Олар — жапон жазуын латындандырушылар, канаға көшуді жақтаушылар деп атады. Олардың келтірген фактілерінің көбісі сенімді. Шынында да, жапон тілін үйрету – үзақ үрдіс және көп жағдайда осыған байланысты жапон мектептерінде 12 жыл оқиды. Иероглификаны оқытуға көп уақыт берілетіндігіне қарамастан, барлығы дұрыс игерілмейді. 1975 жылы жүргізілген зерттеу мәліметтері бойынша, бастауыш мектептің бесінші сынып оқушылары үйренген иероглифтерінің 84,5 % дұрыс оқып, 52% жаза алған; орта мектептің бірінші сынып оқушылары сәйкесінше 77,2 % және 60,4 %. Әрине, иероглифтердің бір бөлігі кейін, оқыған кезде барып есте қалады. Сонда да, бірде-бір иероглиф білмейтін жапондықты табу қиын болса да, басқасын қойып, жоғары білімі бардың кез келген иероглифті дұрыс оқып, жаза алмауы да кездеседі. 1979 ж. телебағдарламалардың біріне бұрынғы ағарту министрін бірнеше иероглифті жазуын сұрап, ол бұл тапсырманы қатесіз орындаған жоқ. Осылайша, иероглифика тілді толық меңгеруге кедергі болатыны анық. Әрине, машина жазуы мен типографиялық жазбада да белгілердің алфавиттік жазудағы белгілердің санынан он шақты есе көп болуынан туындайтын қиындықтар болатыны сөзсіз. Иероглификаға қарсы болғандар қазір де белсенділік танытуда: «Канамодзикай» қоғамы 1982 ж. өкімет пен Либералды-демократиялық партияға өз идеяларын ұсынған болатын, алайда оларды тек аздаған адамдар ғана қолдады. Шын мәнінде, тек иероглифті жою емес, сонымен қатар оларды ретке келтіру және қысқарту мәселелері де талқыланды. Мұндай жағдайдың болу себебі неде? Иероглифика мен оның жапон ұлттық мәдениетімен байланысының беделінде. Ғасырлар бойы Жапонияда иероглифті білу білімділік пен әлеуметтік жағдайдың айтарлықтай жоғары екендігін білдірді; кананың мұндай беделі болмады, әйелдер сауатты болса, әдетте кананы ғана білгендігі тегін емес. Жапонияда жазу культы мен Қытайдан енген конфуцийлік түсініктер үлкен роль атқарды. Қазір де жапон тілдік ойлауы үшін жазылған нәрсе ғана ақиқат, шындық деп саналатындығын атап өтеді. Иероглифтер алдында үрей де, оларға деген құрмет те сақталады, ал адамның білімін де қазіргі кезде ол білетін иероглифтер санымен бағалайды. Қазіргі уақытта барлығы белгілі бір дәрежеде иероглифтерді меңгергендіктен, олардың беделі бұрынғыдай жоғары емес. Жапон мәдениеті қытай мәдениеті секілді иероглификамен тығыз байланысты емес: классикалық әдеби шығармалар арасында иероглификаны барынша аз пайдалану арқылы жазылған немесе мүлде оларды қолданбай XI ғ. жазылған «Гэндзи Моногатари» секілді ірі шығармалардың бірін атауға болады, алайда ескерткіштердің көбісі, соның ішінде соңғы ғасырлардағы ескерткішердің көбісі – иероглифтік мәтіндер. Бұл мәдени және психологиялық факторлардың жиынтығы иероглифтік жазудың сақталуына септігін тигізеді. Сонымен қоса олар саяси мәселелерге де байланысты: Жапонияның билік басындағылары мәдени мұраны, дәстүрлі жазу жүйесін сақтап қалуға мүдделі еді. Алайда иероглификалық жазудың сақталып қалуының себебін осы деп қана білу тым қарапайымдап жібергені болар еді. Ғасырлар бойы жапон тілі иероглифтік жазуға икемделді, нәтижесінде тілді, ең алдымен, оның лексикалық жүйесін айтарлықтай өзгертпей түрып, иероглификаны қарапайымдандыруды мүмкін емес ететін өзгерістер болды.

Бұған дейін қытай тілінен иероглифтермен қоса оқылулары да енгендігі жайында атап өтілген болатын. Соңғылары – қытай сөздері, яғни канго, жапон тілі лексикасының көп қабатты негізін құрады. Олардың аздаған бөлігі ғана қытай тілінен енген сөздер, канголардың көбісі қытай түбірлерінен Жапонияда туған күрделі сөздер болып табылады. Канго кез келген, тіпті тұрмыстық мәтінде де кездеседі, бірақ олардың саны қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық әдебиеттерде көп. Бунгода жазылған 20-30 жж. мысалы, әскери тақырыптағы мәтіндерде олар

бүкіл лексиканы құрады, ал түпкі төл бірліктердің ролі грамматикаға барып тірелді. Кангоның маңыздылығын батыс еуропа тілдеріндегі грек-латын элементтердің маңыздылығымен салыстыруға болады.

Ғасырлар бойы XX ғ. басына дейін канго мәдени лексиканың, әсіресе терминологияның құрылу құралы ретінде қызмет етті; қазір олармен батыс еуропа тілдерінен енген сөздер бәсекелестік тудыруда. Ежелгі жапон лексикасы бұл мақсаттарға жету жолында бірнеше себептерге байланысты қолайсыз болды. Біріншіден, қытай түбірлерінің қысқалығы мен олардың бір–біріне кез келген мөлшерде тіркесуі иероглификаны білетін адамдарға түсінікті құрылымдағы қажетті сөз тудыруға мүмкіндік берді, мысалы: *до:буцугаку* «зоология» (*до:* «қозғалу», *буцу* «зат», *гаку* «ғылым»), *кэйацуки* «манометр» (*кэй* «өлшеу», *ацу* «қысым», *ки* «құрал. Жапон түбірлері ұзын және күрделі сөздегі компоненттер саны шектеулі болғандықтан ыңғайсыз (әдетте екіден көп). Екіншіден, қытай түбірлері XVI-XVIIғғ. дейін ықпалды болған қытай мәдениетімен ассоциацияланатын, ал жапон түбірлерінің беделі зор болмады; канго мәртебесі жазумен байланысты болғандықтан биік болды. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында еуропа мәдениетін игеру кезеңінде көптеген жаңа түсініктер пайда болғанда кангоның көлемі бірден артты: еуропа тілдері лексикасын белсенді калькалау жүрді, тек кейін ғана кірме сөздер кеңінен таралды.

Канго ыңғайлылығының теріс жағы да бар, ол – омонимия. Қытай түбірлерінің қарапайым фонетикалық құрылымы, әсіресе сөздер енгенде қытай тілінде сөздерді айыра алатын тондық айырмашылықтар жойылған жапон тілінде омономия тудырмау мүмкін емес еді. «Сёкё-дай-канва-дзитэн» үлкен сөздігіндегі мәлеметтерге қарағанда, Жапонияда бұрын-соңды қолданылған 48 902 иероглифтің барлығы 323 ондық оқылуы бар. Күрделі сөздер тудырғанда омономия жарым- жартылай жойылады, алайда айтарлықтай болып қалады. Мысалы, «Үлкен жапон-орыс сөздігінде» ко:сё: дыбысталуы бар 23 канго келтіріледі, олардың барлығы екпіні жағынан бірдей және «қолөнерші», «ауызша дәстүр», «ауызша жаулап алу», «арсенал», «ресми хабарлама», «заңды жезөкшелік», «нотариалды бекіту», «өндірістік жарақат», «келіссөздер», «байланыс», «(тарихи) зерттеу», «марапаттау», «шағып алу», «оқу орнының белгісі», «бизань», «кен түзілісі», «жоғары сауда училищесі», «халық байлығының министрі» және т.б. Мүндай омонимдер иероглифті білген жағдайда түсінуге оңай, бірақ тыңдағанда және канамен және латын әрпімен жазғанда қиындық тудырады.

Қазіргі кезде мәдени лексика, соның ішінде терминология жазуда ғана емес, ауызша сөзде де қолданылатындықтан, канго омонимиясы үлкен мәселеге айналды. Кангоны, әсіресе, телевизия мен радиода шектеу шаралары қолданылуда. Алайда олардан толық құтылуға болмайтындықтан, ақпаратты ауызша айта отырып, оның жазбаша нұсқасы қатар ұсынылады. Жапон телевизиясының бағдарламасын көріп отырған шетелдік азаматтың көзіне бірден жазбаша ақпарат түседі. Жаңалықтарды айтқан кезде диктордың артқы жағында айтылып жатқан ақпараттың негізгі мазмұны таблода жазылатын; қазіргі уақытта ол таблосыз, тура экранда жазылады. Тележарнама мен хабарландыруларда көбінесе ауызша мәтін болмайды. Телевизиядағы жазбаша мәтіннің ролі мақсатты шаралардың нәтижесінде артып келеді. Ғылыми баяндамалар мен дәрістерде, әдетте, негізгі терминдерді тақтаға жазады немесе (қазіргі кезде жалпыға бірдей болған) тыңдаушыларға мәтінді немесе тезистерді алдын ала таратады.

Алайда іс жүзінде ауызша сөйлегенде кангоны батысеуропа тілдерінен енген кірме сөздермен жиі алмастырады. Мысалы, *сэйсэй–гэнгогаку* «генеративті лингвистика» (қазіргі тіл білімі бағыттарының бірі) термині жазуда қолданады, бірақ ауызша айтқан кезде жапондық фонетикаға ыңғайлап, америка терминін қолданады. Кангоның көбісі ағылшын тілінен енген синоним кірме сөздерімен ығыстырылуда. Жазба тілде, әлі де канго көп, бұл олардың беделі мен ыңғайлылығының дәлелі бола алады; күрделі канго құрылымы батыс еуропа тілдерінен енген кірме сөздерге, соның ішінде грек-латын тілінен енген халықаралық сөздерге қарағанда білімді жапондыққа түсініктірек.

Сонымен, канго мөлшерінің көп болуы жапон тілділер үшін әрі ыңғайлы, әрі қиын. Сөйлеу тілінен мәдени лексиканың едәуір қабатын қолданыстан шығарып, сәйкес мағыналарды білдіру үшін жаңа сөздер тудырмайынша иероглификаны алып тастау мүмкін емес. Соңғы үдеріс біртіндеп атқарылып жатыр, алайда ол аяқталуға жақын емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Алпатов В. М. Япония: язык и общество. – М.: «Наука», 1988 – 136 с.
2. Происхождение китайских иероглифов //http://www.epochtimes.ru./content/view(21224/4)
3. Кадзуаки Судо. Японская письменность от истоков до наших дней. – М.: «Восток- Запад», 2006 – 139[5] с.
4. Уолш Л. Самоучитель по чтению японских иероглифов. – Ростов н/Д: «Феникс», 2004 – 192 с.
5. Alfonso Anthony. The Japanese Writing System: A Structural Approach. Unit 1. – Tokyo: Sozosha, Inc., 1981 – 280 p.
6. Головнин И. В., Гривнин В. С. Японская филология. – М.: Издательство Московского Университета, 1968. – 138 с.
7. Кун О. Н. Как различить, запомнить и правильно написать похожие иероглифы в японском языке. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007. – 221 [3] с.
8. Неверов С. В. Общественно- языковая практика современной Японии. – М.: «Наука», 1982 – 149 с.

Тоқбергенова А.А.

5В090300-“ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ” МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНЕ “ЖЕР РЕСУРСЫН БАСҚАРУ” ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарында инновация және инновациялық қызмет мәселесіне ерекше ден қойылуда. Біздің қоғамдаға нарықтық экономика жағдайында бәсекелестік қабілетті арттыру тікелей осы инновациялық шешімдер мен қызметтерді қажет етеді.

Инновациялық білім беру - іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мүндай технологияларды қолдану арқылы қазіргі таңда студенттердің құзіреттілігін арттыруға мүмкіндік туады.

Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады. Болашақ маман иелерінің бойында білімділік, біліктілік, саналылық, жауапкершілік қасиеттерін сіңіруде, яғни кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда жаңа технологияны қолданудың ролі зор. Сонымен қатар технологияны тиімді пайдалана білу оқытушының шеберлігі мен іскерлігін және кәсіби құзыреттілігін шыңдауға әсерін тигізеді [1].

Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады:

- педагогикалық қызметтің өзекті мәселе-лерін білу;
- оқу бағдарламасының түрлендірілген нүсқауларын құрастыру;
- оқу моделін құрастыру;
- оқу жобаларының мазмұнын анықтау;
- оқушылардың жаңа материалды меңгеруінде деңгейленген жаттығулар жасау.

Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндет-терін көздейді. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады. Болашақ маман иелерінің бойында білімділік, біліктілік, саналылық, жауапкерші-лік қасиеттерін сіңіруде, яғни кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда жаңа технологияны қолданудың рөлі зор. Сонымен қатар техно-логияны тиімді пайдалана білу оқытушының шеберлігі мен іскерлігін және кәсіби құзыреттілігін шыңдауға әсерін тигізеді.

Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады:

- педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу;
- оқу бағдарламасының түрлендірілген нүсқауларын құрастыру;
- оқу моделін құрастыру;

- оқу жобаларының мазмұнын анықтау;
- оқушылардың жаңа материалды меңгеруінде деңгейленген жаттығулар жасау;

Біріншіден, таным түрғысынан қызығушылықты қалыптастыру қажет. Әрбір маман өзінің болашақ мамандығын жақсы көріп, кәсіби шеберлігін дамытуға үмтылып, кәсіпкер-маман ретіндегі жеке біліктілігін арттырып, нарық сұранысына сәйкес өсуге бағытталуы тиіс.

Екіншіден, маман білімінің мазмұны, мамандығының практикасымен ұштасуы қажет. Яғни, студент оқу үдерісі барысында жалпы мәдениеттілік және әдіснамалық дайындықтан өтіп, білім жүйесінің жалпы теориялық негіздерін меңгеруі тиіс. Оқу үдерісінің теориялық негіздері және жеке тұлға теориясының негіздері ұштасқанда ғана білім алушылардың инновациялық әрекеттері нәтижелі болатындығы айқын.

Сонымен қатар, үшіншіден, мамандарға бейімділік дағдыларын сіңіру қажет. Сабақты қалыптасқан әдіс бойынша біркелкі өткізбей, әр сабақ сайын ғылым мен техниканың, педагогикалық өлшемдердің озық тәсілдерін пайдалана отырып, ерекше өткізуге болады. Сонда студент әр сабақта әр түрлі жағдаяттық тапсырмаларды орындай отырып, бейімділік өлшемдерін меңгереді. Мұндай студент болашақта қандай ортаға тап болғанына қарамастан, өз ісіне ғана қажетті инновациялық технологияны таңдап, әрі сол ортаға өз болмысын бейімдей отырып әрекет етеді.

Болашақ маманның танымдылық қабілеті әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаға тез кірігуі-мен, өзін кәсіби түрғыда жүзеге асырудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануымен, заманауи инновациялық технологияларға қызығушылық танытуымен ерекшеленеді. Бұған келешектегі маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны танып-білуі, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдануы, инновациялық технологияларды зерделеуі және оларды меңгеруі жатады.

Инновацияның өлшемдік бірліктері оқытудың әдістемелік мақсат-міндеттері, оқу үдерісі, оқытудың нәтижесін бағамдаумен анықталады. Оған болашақ маманның жүйелі оқу-тәрбие үдерісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, студенттермен тығыз қарым-қатынас орнатып, біртұтас ғылыми-педагогикалық үдерісті зерделеуі және сабақтың нәтижесі жоғары болуы үшін қажетті жаңа технологияны таңдауы тиіс.

Қазіргі таңда республикада жерге орналастырушы мамандардың құзіреттілігіне талаптар жоғары болып отыр. Өйткені бұл саладағы кәспорындар мамандармен толық қамтамасыз етілген деп айтуға болады, бірақ жас мамандардың теориялық білімі жоғары болғанмен, нақты тапсырмалар мен мәселелерді шешуде білімі жеткіліксіз болып отыр. Сондықтан «Жерге орналастыру» мамандығы студенттеріне негізгі базалық пән болып табылатын «Жер ресурстарын басқару» пәнін оқытуда жер ресурстарын бакскарудағы нақты шешімдерде шешудегі кәсіби құзіреттіліктерді дамыту үшін инновациялық әдістерді пайдаланудың маңызы ерекше.

Пәнді оқытудың негізгі *мақсаты*: студенттерге жердің өндіріс құралы және жылжымайтын мүлік объектісі ретінде негізгі қасиеттері туралы білім бере отырып, жер мәселелерін шешудегі тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру, жер ресурсын басқарудың негізгі әдістері мен қағидаларымен таныстыру.

Міндеттері: жер қатынастары, жерге орналастыру және жер кадастрының мәні мен түсініктерді анықтау;

✓ Жер ресурсын басқарудың теориялық, ұйымдастырушылық және құқықтық негіздері туралы түсінік қалыптастыру;

✓ Жер алқаптары мен оларды экономикалау бағалау, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізу туралы мағлұматтар беру;

✓ ҚР жерге орналастыру мен жерді пайдалануды жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындау;

✓ ҚР жерге орналастыру мен жерді пайдалануды жетілдірудің негізгі бағыттары және жер қатынастарының даму болашағын қарастыру;

✓ Шет елдердегі жер кадастры мен жер қатынастарының даму тарихы мен қазіргі жағайы бойынша мәліметтер беру.

Бакалавр пәнді оқу нәтижесінде төмендегідей жалпы мәдени және кәсіби құзіреттерге (ЖМҚ/КҚ) ие болу керек:

- зерттеудің жаңа әдістерін өзінше үйренуге, кәсіби әрекетте ғылыми-өндірістік бағытының өзгеруіне дайын болу **(ЖМҚ)**;

- практикада және ұйымды басқаруда алынған зерттеушілік және жобалық жұмысты ұйымдастыру дағдыларын қолдануға қабілетті **(ЖМҚ);**

- жер ресурстарын ұтымды пайдалану туралы негізгі білімдерін, жерді пайдалану тиімділігін жоғарылату бойынша жүйелік көрсеткіштерін, аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын, сызбаларын, жобаларын экологиялық және экономикалық сараптамадан өткізуге қабілетті болу (КҚ);

- ел мен әлемнің жер ресурстары туралы, білгілі бір жер пайдалану, ресупблика, аудан шегінде антропогендік әсерді төмендетуге бағытталған іс-шаралар туралы білімді қолдануға қабілетті (КҚ);

- жер ресурстарын, жылжымайтын мүлікті ұтымды пайдалану мен қорғау бойынша жобалық, жоба алды және болжамдық мәліметтерді жасау әдістемелері туралы білімді қолдануға, жобалық шешімдер нұсқаларын техникалық-экономикалық негіздеуге қабілетті (КҚ);

- Республикадағы Жер туралы заңнамалар мен нормативтік құжаттарды, жер-мүлік қатынастарын реттеудегі құқықтық мәселелерді реттеуде, мүлік және жер мәселесі бойынша туындаған жанжалдарды шешуде, жер мен жылжымайтын мүліктерді пайдалануды мемлекеттік бақылау бойынша заңдар мен нормативтік құжаттарды пайдалана алу (КҚ);

- Жер ресурсын, жылжымайтын мүлікті, кадастр және жерге орналастыруды басқарудың қағидалары туралы білімін қолана алу (КҚ);

- Басқару шешімдерін құрастыру үшін жылжымайтын мүліктің бірыңғай объектісі туралы білімды қолана алу (КҚ-8);

- Жер және басқа да жылжымайтын мүлікті пайдаланудың отандық және шетелдік тәжірибелерін, ғылыми-техникалық ақпараттарды оқуға дайын болу (КҚ).

Жоғарыда аталып отырған құзіреттілктерді қалыптастыру үшін жобалау әдісін қолданудың маңызы үлкен.

Жобалау әдісі - оқу үрдісін ерекше етіп тұратын кешенді оқыту тәсілдері жиынтығы. Бұл әдіс - студенттерге әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, ұйымдастыруға және бақылауға мүмкіндік береді.

Жобалау әдісі студенттерге тақырып таңдауда, мәліметтердің дереккөздерін жинауда және презентация жасауда өз бетінше жұмыс істеуге жағдай жасайды. Бұл әдіс қарым-қатынастың жаңа түрін үлгілеуге арналған. Жобалау студенттің өз бетінше ойластырып, жүзеге асыруға арналған жұмысы. «Жер ресурстарын басқару» пәні бойынша бұл әдісті пайдалана отырып, мәліметтерді жинап, жүйелеп және сыни ойлауға үйренеді. Сонымен бірге әдістерді талдау, салыстыру арқылы жұмысына тиімді әдісті таңдай алады, аудиторияның алдында сөйлеуге, ойын дәлелді және логикалық жүйелікпен жеткізуге, аудиторияны өзіне қарата білуге дағдыланады. Жер ресурсын басқару бойынша шешімі қиын сұрақтарды өз бетінше шеше біледі, өз көзқарасын дәлелдеп, шешімінің дұрыстығына тыңдаушылардың көзін жеткізуге тырысады [2].

Пәнді оқыту барысында үнемі ізденіс жұмыстарын жүргізе отырып, оқытушы студенттермен бірге жоғарыда аталып өткен құзіреттіліктерді қалыптастыру үшін белсенді түрде инновациялық әдістерді пайдалану керек және осы сала бойынша болып жатқан өзгерістер мен жетістіктерді ескере отырып, студенттерден нарықта сұранысқа ие болатын маман қылптастырудағы жаңа әдістерді меңгеру керек.

Пайдаланыған әдебиеттер

1. А. Аширова, Х. Қарабаева Инновациялық технологияларды оқу үдерісіне пайдалану ерекшеліктері Вестник КазНУ. Серия филологическая. №3 (62). 2013 , 143-147 б.

2. Валиева М. Жаңа педагогикалық технологиялар. - Әдістемелік нұсқау. Алматы, 2002.

Тоқсанбаева Н.Қ., Жубаназарова Н.С., Құнанбаева М.Н.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының негізгі тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде жоғары оқу орнында білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшілігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез – құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында студенттер меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде [1,23 б].

Оқыту процесіндегі негізгі мазмұнды игеру тетігі — өзара әрекеттестіктің арнайы формасындағы мақсатты ұйымдастырылған студеттер мен оқытушылардың бірлескен іс-әрекеті, олардың мазмұнды танымдық әңгімелері.

Түрлі деңгейлерде іске асырыла отырып, оқыту процесі циклдік сипатка ие болды. Оқыту процесінің циклдері дамуының ең негізгі көрсеткіштері, басты екі мақсатқа негізделіп топталған, педагогикалық еңбектердің ең жақын дидактикалық мақсаттары:

— білім беру — бұл мақсат студенттердің танымдық іс-әрекеті тәсілін меңгеріп, олар арқылы ғылым негіздерін игерулерін, белгілі бір білімдердің, дағдылар мен іскерлікті үйренулерін, өздерінің рухани, психологиялық және еңбек қабілеттерін жетілдірулерін, еңбек және кәсіби дағдыларды игеруін көздейді:

— тәрбиелеу — әрбір оқушының ғылыми көзқарасын, адамгершілігін, белсенді шығармашылығын және әлеуметті кемелденген жоғары адамгершіліктегі үйлесімді дамыған тұлғасын дамытуды мақсат етеді.

Оқытудың мақсаты — дамытудың қоғамдық — тарих тәжірибесінің жан — жақтарын: білімдер мен іскерліктері, ғылым, еңбек, әдебиет, өнер, жалпы және дене тәрбиесін меңгеруге бағытталған оқытушының педагогикалық әрекеті мен студенттің оқу-танымдық өзара бірлескен әрекетінен ойша күтілетін түпкі нәтиже.

М.Лорф, Г.Розенфельд /ГДР/ мына пікірді ұсынады: яғни білімді игеру тек қана қабілетті ғана дамытып қоймай, сонымен бірге мотивацияның да өсуіне әкеліп соғады. Мұндағы ескертетін жайт: студент меңгеретін оқу материалы олар үшін маңызды, қажетті, ұғынымды деп табылуы керек[2,128 б.]. Оқу-танымдық мотивтері оқу әрекеті үшін мейлінше дұрыс болады (А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов).

Оқытудың әлеуметтік, педагогикалық мәні оның қызметтерінен біршама анық айқындалады. Солардың ішіндегі, бірінші кезектегі біршама мәндісі — студенттерде білімдерді, дағдыларды және шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің іскерлігін қалыптастыруы (білім беру қызметі). Оқытудың екінші қызметі — студенттердің дүниетанымын қалыптастыру (тербиелеу қызметі). Ол студенттер мен оқытушылардың объективті түрде қоршаған орта жөнінде ой толғауға мүмкіндік жасайтын білімдерінің толығуына қарай біртіндеп қалыптасады. Алдыңғы екі қызметімен тікелей байланыстағы тұлғасын және оның өз бетінше ойлауын дамыу қызметі атқарылады (дамыту қызметі). Адамның дамуы — бұл оның денесінің физиологиялық және психологиялық сипаттамаларының олардың ішіндегі ең бірінші ақыл-ойының сапалы дамуын білдіреді. Сонымен қатар, оқытудың кәсіби бағдарлау қызметінің де мәні зор.

Үздіксіз білім беруде дайындау қызметі, адамды өндіріске және қоғамдық қарым-қатынастарға белсенді араласуға бағыттайды, практикалық әс-әрекетке дайындайды, өзінің кәсіби, жалпы білімі, толық дайындығын үнемі жетілдіріп отыруға бағыттайды. Креативтілік қызметі тұлғаның жан-жақтылығын үздіксіз дамытуды көздейді. Өзінің мәні жағынан оқыту процесі — түрлі реттегі және деңгейдегі айқындалатын зандылықты түрде дамитын процесс.

Жоғары оқу орнындағы студенттерге оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы білім бердің әдіснамалық маңыздылығы атты бұл мақаламда қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану студеттің білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіндігі туралы баяндалады.

Студенттердің ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыпастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Психология сабақтарында ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

студенттің өз бетімен жұмысы;

аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;

білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;

шығармашылық есептер шығару кезінде психикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;

қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;

қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;

экономикалық тиімділігі;

іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;

қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әртүрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;

студенттің ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

Психологиялық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше. Психологиялық эксперименттерді модельдеу – студенттерге сабақта психологиялық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оларды қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, психикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді.

Студенттердің өз оқу әрекеттеріндегі нәтижесіне бағдарлануды ғана емес, сонымен бірге осы нәтижеге жетудің әдіс-тәсілдерін меңгеруді де қарастырады. Оқу мотивтерін осылай түсінген жағдайда ғана, бұл мотивтердің іс-әрекетпен тығыз байланысты екенін, іс-әрекеттің заттық-операциялық сипатымен байланыстылығын ұғынуға мүмкіндік береді. Біздің мотивацияны зерттеу ісіміз – мотивацияның логикада эксперименттік ауысуын тек іс-әрекетті ұйымдастыру арқылы ғана жүзеге асады. (П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, В.В.Репкин, А.К.Дусавицкий, П.Голу, Н.Ф.Талызина, В.Ф.Маргух, А.К.Маркова, Л.К.Золотых, Г.С.Абрамова т.б.) [3,4,5]. Біздер оқу әрекетінің дамытушы бағалау типтерінің өзгеру көмегі арқылы генезисін зерттейміз.

Нарықтық қатынас заманында еліміздің рухани баюының бас себепкері–оқу-ағарту саласында да көп алаңдаушы мәселелердің көбеюі жұртшылықты таң қалдырмас деп есептейміз.

Себебі өздері екі ойлы жастарымызды білім ордаларында ұстап, білім алуға жетелеп итермелейтін бір-ақын таландырушы процесс – бағалауға нақалады.

Міне, студенттерді оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы білім бердің әдіснамалық маңыздылығы өзектілігі бүгінгі таңда бізді де педагогтарды да қатты ойландырып, зерттеуге тура келеді.

1. Психология, яғни бұл ғылым білім бердің әдіснамалық маңыздылығы оқытудың негізін құрайтын және негізгі оқытушарты деп қарайды.

2.Педагогикада яғни, жоғарғы оқу орнындағы оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы тәрбиелеу мен ынталандырушы рөлге, сипатқа ие болу жағын көздейді.

3.Кибернетика, яғни әрбір жүйеде кері байланыс механизмінің мақсатқа бағытталған іс-әрекетінің болатындығын растайтын ғылым. Мақсатты әрекетке жағдай болып ауыспалы қалыптың тіркелуі және соның негізінде алынған мәліметтер арқылы процесті басқару болып табылады.

Білімгер өзәрекетінің нәтижесін көре білуі тиіс. Оқыту процесінде қателіктер табу, жұмысқа толықтыру енгізу, дұрыс, қате жақтарын көре білу өте маңызды. Студент нәтижелі орындайтын тапсырма арқылы оның мотивациялық аумағы үлкен әсер алады (білім мен шеберлігін тиімді қолдануда қуануы).

“Адам өзі не жасайалатын болса, сонны жасауды ұнатады”-, дейді психолог С.В.Олпорт.

С.М.Жақыпов өзінің зерттеулерінде былай дейді: ”біздің зерттеулеріміз көрсеткендей-ақ оқыту барысында танымдық процестердің өнімді бірлігін ұйымдастырудың қажетті шарты– оқыту үрдісіне қатынасушылардың, яғни оқытушы мен білім алушының танымдық әркеттерінің қалыптасуы және дамуы болады [6,55 б.]. Ұйымдасқан оқыту жағдайларында алдын-ала жоспарланған білім алушының танымдық әрекеті оқыту үрдісіндегі өзара әрекеттесуші индивидтердің субьект-субьектілі кеңістігінде өрби отырып, оқып-білім алушылардың танымдық әрекеттерін дамытып, қалыптастыру үшін алғашқы жағдайларды жасайды оқыту үрдісінде танымдық әрекет ерекше психологиялық феномен бола отырып, оқыту жағдайларында танымдық процестер негізінде (әсіресе қабылдау, ес пен ойлау) қалыптасқан, танымдық әрекеттің тұтасжүйесін құрайды, онда ойлау жүйеқұраушы фактор рөлін орындайды.

Оқыту үрдісінде танымдық әрекеттердің психологиялық негізі-білім беруші мен білім алушылар әрекеттерінің бірлігі шарасында қалыптасатын біріккен-диалогты танымдық әркет болып табылады. Оқып-білім алушылардың танымдық әрекеті интериоризацияланған біріккен-диалогты танымдық әрекет сияқты болады.

Таным тәсілі ретіндегі теориялық ойлау сипаттамаларын қарастыру және жоғарыдағы ғалымдар еңбектерін тереңталдай келе бірқатар жобаларды негіздеуімізге тура келді.

Анатолий Залманович Зак өз жұмысында ойлауды логикалық және психологиялық жағынан тұтас нәрсе деп зерттеді. Балалардың міндеттерді шешуіне орай (теориялық, эмпирикалық тәсілдер арқылы жүзеге асуына байланысты) таным теориясын зерттеген мамандар жасаған ойлау түрлерінің сипаттамаларына бұл автор сүйенген. (танымды зерттегендер: Э.В.Ильенков, Л.К.Науменко, П.В.Копнин, М.К. Мамардашвили, С.Л.Рубинштейн, В.С.Швырев, В.А.Штаффжәнет.б.).

Біріншіден, теориялық ойлау танылатын обьект жөнінде яғни, оның мәнді, ішкі, қажетті байланыстары жайлы түсінік, ұғымның қалыптасуына бағытталған.

Теориялық ойлау-заттардың мәнін бейнелеуге қажетті обьективті шындықты адамның тану тәсілі. В.В.Давыдовтың жалпы теориясынасәйкес, бұл кезең эмпирикалық тәсілден теориялық бағытталу тәсілдеріне көшуімен сипатталады. Оқушылардың ойлауының дамуын анықтау, даму кезеңдерін және деңгейлерін айқындау – оқыту сапасын арттыруға бақылау жасаудың мәнді формасы болады.

Сөзімді қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстарға тоқталамын:

ЖОО-да білім беретін қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;

білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру;

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, психология пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру.

Оқытуда инновациялық технологияларын пайдалану арқылы білім бердің әдіснамалық маңыздылығы оқу – тәрбие үрдісінде пайдалану студенттің өз мамандығына қызығушылығы

мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Менчинская Н.А. Психологические вопросы анализа развивающего эффекта обучения. Вопросы организации и методов исследования знаний, умений и навыков //Материалы научной конференции. – М.: Изд-во НИИ СиМО, 1973. – С. 17-23.

2. Ленард Ф., Андрущак В.М. Научно-педагогические основы повышения качества знаний учащихся средней школы. - Киев, 2010. – 250 с.

3. Рубинштейн С.Л. О мышлении и путях его исследования. – М.: Изд-во. АН СССР, 2008. - 147 с.

4. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения: Соч.: В 2-х т. - М.: Педагогика, 2003. – 392 с.

5. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения: Автореф. д-ра психол. наук. - М., 1998. – 35 с.

Торманов Н.Т., Тусупбекова Г.А., Уршеева Б.И., Скендирова А.

ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОҚУ ҮРДІСІНЕ ПАЙДАЛАНУ

Еліміздің хал-ахуалының тұрақтылығы, экономикасының дамуы, сол арқылы дүниежүзіндегі 50 бәсекеге қабілетті елдің қатарынан орын алу, Отандық білім беру жүйесінің деңгейін көтеру үшін ғылым мен өндірістің дамуына ерекше жігер, қайратымызды салуды талап етіп отыр. Сондықтанда білім беру ширақ, оралымды және бәсекеге қабілетті деңгейде жеткізілген болуы тиіс. Осыдан туындайтын мәселе инновациялық білім беру үрдісін ұйымдастыру арқылы іске асыру.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті инновациялық білім беру проблемасын жолға қою барысында, жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруды дәстүрге айналдырып, конференцияның девизін әртүрлі атаумен атап, заманауи талапқа сай білім берудің жаңа технологиясын жүртшылықтың талқылануына салып, пайдалану жолдарын білім берудің сапасын дамытуға өз үлесін қосып келеді.

Сөзіміз дәлелді болу үшін, соңғы 5 жылдағы көтерілген міәселелерден байқауға болады. Мысалы, 2009 жылғы ҚазҰУ –дің 75 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми конференция «XXI ғасыр университетіндегі: Инновациялар және жаңа технология» деген атпен өткізілсе, 2010 жылғы 15 қаңтарда «Жоғары білім беру- интеллектуальдық ұлт қалыптастырудың стратегиялық ресурстары, 2012 жылғы 42-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция «Білім беру қызметіндегі инновациялар және оқытудың сапасын арттыру мәселелері» деген ұранмен өткізілсе, биылғы 2016 жылғы конференцияда талқылауға берілген мәселе, «Білім беру бағдарламасын жаңғырту: аккредитация және кадрлар дайындаудың сапасына кепілдік беру» жайлы проблеманы ұсынып отыр.

Бұл жерде айтайын деп отырған ойымыз университет, факультет, кафедра және ұстаздар қауымы заманауи талапқа сай білімді, білікті және бәсекеге қарсы тура білетін мамандарды әлемдік деңгейдегі инновациялық білім беру үрдісіне сәйкес дайындау.

Әрине инновациялық оқу бағдарламасын қалыптастырудағы басты тұлға мұғалім. Сондықтанда, ол болашақ шәкірттерінің өндірістің кез-келген саласында еңбек етуге қабілеттілігіне мән бере отырып, тәлім-тәрбие, білім беруге көңіл аудару керек.

Біздің кафедрада екі мамандық бойынша бакалавр және магистр деңгейінде дайындалады, біріншісі 5В050600-Биология, екіншісі 6М011300-Биология (педагогикалық). Осы мамандықтар бойынша бакалаврды бітірушілерде және магистрлерде мектепке, ЖОО орындарында биология пәнінен сабақ беруге толық мүмкіндігі бар. Университет қабырғасында студенттерге «Биологияны оқытудың әдістемесі» атты пәннен 2 кредит дәріс беріледі де, 1 кредит практикалық сабақ жүргізіледі, ал 4 курсте екі апталық педагогикалық практикамен

аяқталады. Сондықтанда толыққанды мұғалім мамандығын дайындау үшін, педагогика, психология және биологияны оқытудың әдістемесін үйретумен қатар, пассивті және активті педагогикалық практиканың да мерзімін ұзартқан жөн болады. Сонымен қатар Биологияны оқыту әдістемесі пәнінен 4 курсте студенттердің қорытынды білімін бағалауға яғни ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен «ВОУД» (оқу пәнін сырттай бақылау) өткізіледі.

Бәрімізге белгілі қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарының болашақ студенттік контингенті мектеп бітірушілер, ал бізге келіп түсетін абитуриенттердің жартысынан көбі медициналық оқу орындарына және биотехнологияға және басқа мамандықтарға өте алмай қалған төменгі баллдар алғандар. Басқаша айтсақ, болашақ мамандықтарын кездейсоқ таңдағандар.

Әрине кафедра мұғалімдері сабақ беру барысында биологияны оқыту әдістемелерінің заманауи технологияларымен таныстыра отырып, оны практика жүзінде қолдана білу әдістерінде үйретеді. Әсіресе, сабақ берудің белсенді әдістерінің бірі, «мәселені жобалау», «кіріктірілген оқыту әдісі», «дамыта оқыту» және де басқада белсенді түрлері қолданылады. Сонымен қатар, инновациялық білім берудің талабына сәйкес кейбір пәндерден арнаулы тереңдетілген курстармен қатар, авторлық пәндерденде дәріс беріледі. Олар біріншісі «Биологияны оқытудың инновациялық әдістемелері» авторлар Н. Торманов, Н.Абылайханова, екіншісі «Ағзаларлың қызметін реттеу және бейімделу механизмдері» авторлары Н.Торманов, С.Т.Төлеуханов.

Биологиядан сабақ берудің табысты болуы сабақ берудің әдістерін (көрнектілік және практикалық қолдана білу іскерлігі мен шеберлігіне де байланысты. Сондықтанда студенттердің университет қабырғасында алған білімін, біліктілігін, тәжірибесін практика жүзінде іске асырып және инновациялық әдіс-тәсілдерін болашақта сол мектеп әкімшілігін қызықтыратындай болу үшін педагогикалық практика барысында сол мектеп сыныбына сабақ өткізу барысында енгізуге мүмкіндік жасалуы керек. Яғни мектеп ұжымымен факультет, кафедра, тіпті университет арасында болашақ мамандарды жұмысқа орналастыру үшін нақты байланыс туындауы керек. Сөзіміз дәлелді болу үшін 4 курс студенттері мектепте өткізілген 3-5 апталық педагогикалық практика кезінде университет қабырғасында Биологияны оқытудың инновациялық әдістемесі пәнінен алған теориялық білімдерін Алматы қаласының №161 лицейінде және Ғабит Мүсірепов атындағы №136 орта мектебінде 8 сынып оқушыларына биология пәнінен сабақ өткізу барысында «Кейс-стади» әдісін және арнаулы дайындалған электрондық оқулықты пайдаланып өткізуді дәстүрге айналдырды.

Әсіресе, дәріс өткізу барысында, лабораториялық, практикалық жұмыстар жасау кезінде «Электрондық оқулық», «Электрондық практикум» іспеттес техникалық құралдарды пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймайды, олардың логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық еңбек жасауға қолайлы жағдай жасайды. Осы арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Тағыда бір тиімді жақтары студенттер мен оқушылардың оқу материалын графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі студенттер сұлба тәсілдер толықтырып отырса, оқушының теориялық, білімді оқып, көзбен көріп түсініп және ойында сақтау бір уақытта синхронды түрде өтіп отырады да материалды қорытындылау ұғымды, түсінікті болады. Ал мұғалім үшін электронды оқулық күнделікті қайта қарап, ойланып, кем-кетіктерін түзеп, дамытылып отырылатынын ашық, анық түрдегі әдістемелік құрал.

Сондықтанда информациялық технологиялық құралдарды тиімді пайдалану заманауи талап. Осыған байланысты В.Сухомлинский былай деп айтқан екен «Сабақ»- мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің жалпы бейнесі(айнасы), зиялығы, парасаттылығы интеллектуалды байлығының өлшемі, ой өрісінің білімдарлығы» десе, оқу жүйесіне интернет қорын пайдалану жайлы американдық ғалым Филлип С.Шлехти «XXI ғасырдағы мектеп» деген еңбегінде, білім беру реформасындағы басты басымдылық интернет технологиясын енгізу. Нағыз кәсіби маман болу үшін күнделікті информациялармен таныс болып, көп оқып, интернет қорымен танысып, ақпараттарды жинап, оларға талдау жасап, сараптап, өңдеп керегін пайдалана білу керек деп тұжырымдады.

Қорыта айтар болсақ, оқу үдерісіндегі инновациялық білім беру әдісін педагогикалық практика кезінде студенттер мектеп сыныптарында биологиядан сабақ өткізу барысында қолдануды басты мақсат етіп отыр. Заманауи әдістермен сабақ беру барысында біз

студенттерді педагогикалық практикаға даярлаймыз. Біздің тарапымыздан талап ететініміз педагогикалық практика мерзімін ұзарту.

Төлешова Ұ.Б.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА АССОЦИОГРАММА ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктерін сараптауда студенттің оқу орындарындағы пәндерді таңдауда көп еркіндігі, әр студенттің жеке оқу жоспарын жасауға тікелей өзі қатысуы, оқыту бағдарлмасының икемділігі және таңдау курстарының көптігі, студенттердің оқытушыларды таңдаудағы еркіндігі, «студент-оқытушы» қарым-қатынасының «субъект-субъект» болып өзгеріп, оқытушының ұйымдастырушылық рөл атқаруын айтуға болады.

Студенттің оқуға қызығушылығы мен қажеттілігі өздік әрекеті түріндегі оқуға ауысуы, оқытушының функциясының өзгеруі және СӨЖ маңызының артуы, өзара белсенді әдістердің, бейдәстүрлі әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданылу қажеттігі оқу үдерісіне қатысушы субъектілер оқытушы мен студенттің нақты әрекеттері айқын түрде сипатталғандықтан өздік іс-әрекет арқылы студенттің өздік жұмысы іске асатыны анықталды. Студенттердің өзіндік жұмысы сабағында алдын ала берілген тақырып бойынша баяндама жасау, реферат оқу, пікірсайыс әдістері басты қолданыста болады. осы сабақта өз бетінше ойланудың, өзара белсенді қарым-қатынас арқылы білім алудың білігін игеріп қалыптастырудың зор мүмкіндігі туындайды. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс студенттің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына ықпал етеді. Әрі ізденушілік, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерінің дамуына тигізер әсері мол. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда инновациялық технологиялар сабақтың ыңғайына қарай қолданылса студенттердің сабаққа деген қызығушылығы дамиды, топтың ынтымақтастығы артады.

Студенттің өзіндік жұмысының мақсаттары - студенттерде өзіндік шығармашылық еңбекке дағдыларын қалыптастыру, инновациялық технология мен құралдарды пайдаланып, кәсіптік тапсырмаларды шеше білу, өзінің білімін үздіксіз жетілдіру; жұмыс уақытын жоспарлау және ұйымдастыру тәжірибесін меңгеру және ой - танымын кеңейтуге бағытталады.

Студенттердің өзіндік жұмыс арқылы студенттердің іс-әрекетін белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты болады.

Белгілі ғалымдар А.Вербицкий мен Ю. Попов «дұрыс ұйымдастырылған студенттің өзіндік жұмысы студенттің өздігінен білім алуы мен өзіндікдамуына дайындығын қалыптастыратынын, жоғары мектепте тиімді ұйымдастырылған студенттің өзіндік жұмысы болашақ маман тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді» депайтқан болатын.

Ал Г.П.Никитина «аудиториядан тыс студенттің өзіндік жұмысының аудиториялық өзіндік жұмыстан айырмашылығын оның жүргізу орны, мазмұны, ұйымдастыру әдістері мен формаларында, студенттің өз бетімен жұмыс жасау деңгейі, осы жұмысты есепке алу мен бақылау мәселесін өз қолына алады, өздері шешім шығара алады»- деген. Дәріс сабақтарында немесе студенттің оқытушымен өзіндік жұмысын ұйымдастыруда студенттердің қарастырылатын мәселе бойынша ойлау қабілетін дамытуда ассоциограмма әдісін қолданудың тиімділігі ерекше.

Ассоциограмма әдісі (диаграммалық байланыстар) немесеағыл. «Mind map»: «зерде-карта»; «ой картасы»; «ассоциативтік карта» – әртүрлі білімдердің мазмұнын құрылымдық күйге келтіріп, оларды графикалық (сызықтық) түрлерде елестетіп, түсініп, жеңіл қабылдауға көмектесетін оқытудың кешенді әдісі.

Бұл әдісті 1970-ші жылдары ағылшын ғалымы Тони Бьюзен(Tony Buzan) ұсынған. Ол: оқушылар әдетте мидың «қисынды ойлайтын» сол жақ жартысымен жұмыс істейді. Ал олардың миларының екі жартысы бірдей жұмыс істеуі үшін білімді графикалық (сызық бейнелік) түрлерге түсіру керек. Графика тек қисындық-аналитикалық қана емес, сонымен

бірге образдық-шығармашылық ойды да өрістетеді. Бұл әдіс ой мазмұнын белгілі бір деңгейлерге жіктеуге, оны белгілі бір құрамдас бөліктерге бөлуге және олардың ара байланыстарын анықтауға көмектеседі. Осы жақтарынан алғанда ассоциативтік әдіс:

- жалпылық ойлар түйіндеуге;
- кешендік жүйені елестетуге;
- мәтін мен ұғымдарды жүйелеуге;
- жазылған/белгіленген бейнелерді немесе оқу материалдарын шолуға;
- жобаны жоспарлауға;
- оқу материалдарын тереңдетуге және нығайтуға;
- идеяларды жинауға және біріктіріп құруға көмектеседі.

Зерттеушілердің талдауы бойынша, 20-30 сөзден тұратын ой карталық парақтағы деректер 20-30 беттен тұратын баяндама мәтініне тең келеді деп есептейді. Әрбір түйінді сөздер мен ұғымдардың мазмұны үлкен теориялық-әдіснамалық мәселелерді көрсетеді, соларды еске түсіреді.

Ассоциограммалық әдістері қойылған мәселеге байланысты сөздік және бейнелік деп бөліп қарастыруға болады.

Ассоциограмма дегеніміз не?

Ассоциограмма – түлғаның қиялы мен елестетуін дамытуға, салған суреттердің өзара байланысын қандай деңгейде екенін анықтауға бағытталған.

Ассоциограмманы жүргізу: эксперимент өтушілерге негіз болатын бір сурет беріледі. Сол сурет бойынша экспериментке қатысушылар өздерінің алдына нені елестетті, яғни қандай ассоциация болды соны жазады немесе салады.

Ассоциограмманың өтілуі: ассоциацияны жазу немесе сурет ретінде бейнелеуге болады. Көп жағдайда ассоциацияны жазып, сонымен қатар суретін бейнелейді. Бұл толық ассоциограмма.

Ассоциограмма арқылы ой зерде картасын жасауға болады.Ой зерде картасын жасау арқылы адамның логикалық ойлауы,ойлау үшқырлығы дамиды.Бір нәрсені басқа нәрсемен ассоциация арқылы есте сақтау немесе бір нәрсені көргенде немесе естигенде басқа нәрсеге ұқсата білу адамның ойлау деңгейіне байланысты болады.Сондықтан ой зерде картасын жасап түрудың адамның интеллектуалдық деңгейін арттыруда маңызы зор. Студенттердің сабақ үстінде тақырыпты туралы ой-зерде картасы төменде берілген.





Ой - зерде картасын жасату барысында төмендегідей кедергілер де кездеседі:

- Студенттердің бастапқыда қызығушылықтарының болмауы;
- Студенттердің сурет салығылары келмеуін айтуы;
- Сөздермен суреттерді байланыстыра алмауы;
- Студенттердің өздерінің ойлау деңгейін төмен деп санап жұмыстың ортасына келгенде жалғастырудан бас тартуы және т.б.

Студенттің өзіндік жұмысы арқылы нақты мақсат пен тапсырмаға сәйкес әрбір нақты жағдайларға қорытынды жасайды, белгілі бір танымдық тапсырмаларды шешудегі студент

білімінің көлемі мен деңгейі, дағдысы мен іскерлігі әрбір белгіленген кезеңде қалыптасып отырады. Жаңа танымдық тапсырмалар шешімін тауып, жаңаша ақпараттармен қаруланады.

Енді өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезеңінде белсенділікті артады, әсерлену сезімі пайда болады, танымдық қызығушылығы дамып, алға жылжуға мүмкіндік береді. Өзінің шығармашылығын, білімділігін көрсете алады, өзіндік бейнесін қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баширова Ж.Р., Төлешова Ү.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. (Оқу-әдістемелік құралы**).** әл-Фараби атындағы ҚазҮУ-нің баспасы. Алматы, 2003. 56 б.
2. Әлқожаева Н.С.., Төлешова Ү.Б. Жоғары мектептің оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды қолдану (оқу-әдістемелік құралы) Алматы-2009
3. Исаева З.А.,Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Активное методы обучения. - Алматы, 2005.
4. http://www.moluch.ru/archive/36/4140/

Тугелбаева Л.М., Рыскалиева Р.Г., Ашкеева Р.К.

БЕЙНЕ ДӘРІСТЕР КӨМЕГІМЕН «ГАЛОГЕНДЕР» ТАҚЫРЫБЫН ТҮСІНДІРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Бүгінгі таңдағы білім беру саясатының ең бірінші міндеті-жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп, оны әр тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттігіне сәйкестендіру. Елбасы жолдауын іске асыру мақсатында ұстаздар өз білімін өмір бойы жетілдіруі, оны одан әрі тереңдетіп, жаңаша білім беру стратегияларын меңгеруі, тәжірибе жинақтап жалғастыруы қазіргі күннің талабы екені сөзсіз.

Білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар соңғы жылдары оқыту әдістерінің қатарына берік орнықты. Бүгінде оқыту сапасын жақсарту, белсенділікті көтеру, индивидуалдылықты қамтамасыз ету мәселелерін шешуге оқу үдерісінде педагогикалық дәстүрлі әдістермен қатар компьютерлік техниканы да пайдалану негізінде ғана қол жеткізуге болатыны айқын. Қазіргі технологиялардың ақпараттық мүмкіндіктері мен шұғылдығы оқытушылардың педагогикалық шығармашылығына кеңінен жол ашып, технологиялардың ескісін жетілдіруге, жаңасын енгізуге, оқытудың жаңа формаларын қолдануға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары интенсивті оқытудың мақсатына, мазмұнына және әдістеріне сай келетін ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құру мен қолдануда ілгерілеушілік байқалады, соның нәтижесінде оқу орындарында білім беруде болашағы зор ақпараттық технологиялар көптеп жасалды.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік технологияларының арасынан педагогикалық бағдарламалық құралдарды ерекше атау керек, себебі олар студентке белгілі бір уақыт аралығына байланбай-ақ жеке оқуға мүмкіндік береді және сабақ үшін өте қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

Педагогикалық бағдарламалық құралдар компьютерлік технологияларды пайдалана отырып оқытуды толық немесе ішінара автоматтандыруға арналған инновациялық дидактикалық құрал.

Педагогикалық бағдарламалық құралдар оқытушының пайдалануына дайын, бағдарламалық өнім болып саналады, ол студенттің дербес қолданатын құралы бола алады және оның негізінде оқытушы оқу процесінде топпен сабақ өткізе алады.

Отандық педагогика тәжірибесінің талдамасы педагогикалық бағдарламалық құралдардың келесі түрлерін анықтауға мүмкіндік береді:

- электронды (компьютерлендірілген) оқулықтар;

- оқытушы бағдарламалар;
- электронды дәрістер;
- үлгілік-моделдеуші тренажерлер;
- электронды анықтағыштар, сөздіктер, энциклопедиялар;
- өзіндік дайындық және өзіндік бақылау жүйелері;
- білімді бақылау және тестілеу жүйелері;
- бағдарламалық-әдістемелік кешендер;
- пәндік-бейіндік орта;
- сабақтың түрлерін өткізу үшін қолданылатын әр қилы компьютерлік иллюстрациялар (көрнекіліктер).

Оқытуға арналған, білім беру жүйесінде жиі қолданылатын бағдарламалық құралдарға толығырақ тоқталатын болсақ, оларды былайша жіктеуге болады:

- компьютерлік оқулықтар - бағдарламалық кешендер, олар оқу курсын немесе оның үлкен бөлімін өз бетінше меңгеруге мүмкіндік береді;
- пәндік-бейіндік орта (микроәлемдер, үлгілеуші бағдарламалар, құралдар жиын-тығы, оқу материалдарының топтамасы) – белгілі бір топтағы нысандармен жұмыс істеуге, оқу үдерісіне қажетті жекелеген элементтерді (үлгілерді) құруға мүмкіндік жасайтын бағдарламалар топтамасы;
- тренажерлер - оқу материалын нақты бекітуге арналған бағдарламалар және түрлі техникалық жүйелерде операторларды жаттықтыру үшін құрылған бағдарлама;
- компьютерлік моделдеу – ақиқат өмірдегі белгілі бір құбылысты немесе нысанды компьютерде ұқсатып көрсету (имитация) арқылы зерттеу әдісі;
- бақылаушы бағдарламалар – білім сапасын тексеруге (бағалауға) арналған бағдарламалық құралдар;

Жалпы қазіргі уақытта білім беруде сабақ барысында интербелсеңді құралдарды қолдануда. Интербелсеңді құралдардың көмегімен мұғалімнің, студенттің шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Білім берудегі интербелсеңді технология - мұндағы интерактивті сөзі- inter (бірлесу), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтыратын, сабақ барысында барлық студенттің қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы.

Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар оқу материалдарын иллюстрация жасау кезінде (мысалы анимациялы слайд – фильмдер) қолданылады. Бұл оқу үрдісін қозғалыста бейнелеуге мүмкіндік береді. Компьютердің көмегімен дыбыстық және бейнефрагменттерді де демонстрация арқылы жасауға болады. Осындай әдіспен жүргізілген сабақ студентке әрі қызықты, әрі неғұрлым түсінікті болары сөзсіз. Қандай да болмасын құбылысты студент табиғи түрінде көргендей болады және көзбен көргенін ұзақ уақыт есте сақтай алады. Анимациялық немесе видео материалдарды көру кезінде студентте әртүрлі сұрақтар да туындайды, яғни пәнге, тақырыпқа қызығушылығы артып, сұрақты толықтыра, тияқтай түсуге ұмтылады.

Химия сабақтарында зертханалық жұмыстарды орындағанда Activ studio Professional Edition бағдарламамен қамтамасыз етілген бейне дәрістерді оқу арқылы студенттердің танымдық көзқарасын қалыптастыруға, тақырыпты жете меңгеруіне мүмкіндік болады, сонымен қатар Power Point бағадарлама көмегімен презентациялық көрсетілімдер оқу материалдардын мазмұнын түсінікті және көрнекілікті жасайды.

Осы қағидаларға сүйенен отырып, 1 курс студенттеріне "Галогендер" тақырыбын түсіндіргенде бейне дәрістердің алатын орны ерекше. Бағдарлама бойынша "Галогендер" тақырыбы бойынша хлордың алынуы және қасиеттерін зерттеу қарастырылған. Студенттер хлор алу реакцияларын жасағанда, оның сарғыш-жасыл түсті түншықтырғыш улы газ екенін біледі, сондықтан зертханалық жұмыс жасау алдында оларға бейне дәріс түрінде хлордың

алынуын, қасиеттерін көрсетсе, олардың есте сақтау қабілеттерінің жоғары деңгейде болатындығы анықталған. Хлор алудың бірнеше әдісі бар, мысалы:

1-әдіс. Марганец (IV) оксидіне тұз қышқылын әсер еткенде хлор бөлінеді: $MnO_2 + 4HCl = MnCl_2 + Cl_2 + 2H_2O$

Бұл әдіспен хлорды алғаш рет 1774 жылы швед химигі Карл Шееле алған. 2-әдіс. Концентрлі тұз қышқылын калий перманганаты ерітіндісіне құйғанда хлор газы бөлінеді:

$2KMnO_4+16HCl=5Cl_2\uparrow+2MnCl_2 +2KCl+8H_2O$

3-әдіс. Бертолле тұзы мен тұз қышқылын өте сақтықпен жайлап қыздырғанда реакция жүреді де хлор газы бөлінеді:

$KClO_3+6HCl=KCl+3Cl_2\uparrow+3H_2O$

Әрі қарай хлордың қасиеттерін зерттгенде, олардың металдармен, бейметалдармен және органикалық қосылыстармен әрекеттесуін, сондай-ақ оның ағартқыш қасиеттерін алдымен студенттерге бейне дәріс арқылы көрсетіп алып, одан кейін оларға зертханалық жұмыс жасатса, сонда ғана барлық реакциялар олардың есінде қалатынын сөзсіз.

Сондықтан да химияны оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым пәні болғандықтан, қоғамның талаптарына сай педагогика ғылымы анықтап берген жалпы орта білім беру және тәрбиелеудің мақсаттарымен міндеттеріне сәйкес химия пәнінің өзіндік ерекшеліктеріне негіз-деліп құрылады. Химиялық материалдарды оқып-үйрену барлық пәндерге ортақ педаго-гикалық қағидаларға сүйенеді.

Оқытудың мақсаты мазмұнын игеру арқылы жүзеге асады. Оқытудың әдістері, құралдары, іс-әрекеті осы мазмұнды меңгеруге бағытталған. Бұл түрғыдан қарағанда химияны оқыту әдістері химия ғылымының мазмұнымен анықталады, өйткені әдіс дегеніміз-мазмұнның ішкі қозғалысы. Қазіргі оқытудың қалыптасқан дәстүрлі әдістері оқытушы мен студенттер қызметінің сыртқы белгілеріне қарап анықталып, білім көздері бойынша жіктеліп жүр.

1. Сөздік әдістер - оған мұғалімнің әңгімесі, түсіндіруі, әңгімелесіп-кеңесуі, баяндап беруі, дәріс, кітаппен жұмыс кіреді де сөздік әдістер тобына бірігеді.
2. Сезімдік қабылдау немесе көрнекілік әдістер - тәжірибелер, кестелер, сызбанұсқалар, модельдер, диапозитивтер, кино-фильмдерді көрсету, бейне дәрістер оқу, заттардың үлгісін, жинақтамаларын көрсету, өндірістік құбылыстар мен үрдістерді бақылау, танымжорық-саяхатқа шығу.
3. Оқытудың сарамандық әдістер тобына - зертханалық тәжірибелер, сарамандық сабақтар, сан және сапалық-сынақ тәжірибелік есептер шығару, аспаптар құрастыру, сызба-нұсқа, диаграммалар әзірлеу, графиктер сызу, оқу-тәжірибе үлгісіндегі сарамандық жұмыстар, жаттығулар орындау.

- Сабақта айтылғанның барлығы – әрекет етуге бастама емес, ойлануға ақпарат болып табылады.

Интерактивті оқыту әдісінің бірі - *case-study*. *Case-study* – нақты тәжірибелік жағдайларды талдау (*case-study* ағылшын тілінен оқиғаны байқау, *fallstudie* –неміс тілінен). Бұл әдіс білім жинау әдісінен тәжірибелік, бағдарланған әрекетке көшуді көздейді. Бұл әдіс түрі неміс тәжірибесінде басшылық ететін, кадрлардың біліктілігін көтерудің ең бір көп таралған әдісі болып табылады.

Әдістің мақсаты – тыңдаушыларды ақпарат талдауына, нақты мәселелерді шығаруға, оларды шешудің басқа да түрлерін таңдау, бағалау, тиімді варианттарды тауып, әрекет ету бағдарламаларын қалыптастыруға үйрету болып табылады.

Нақты жағдайларды талдаудың ерекшелігі мәселені шешуде студенттің жеке өзі жұмыс жасап, топтық талқыға салу маңызды болып табылады. Бұл өз кезегінде студенттерде топтық, командалық жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, меңгеріліп жатқан оқу тақырыбы шеңберінде ұқсас мәселені шешу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Жеке талдау жасап, топта талқыланып, мәселелер анықталып, шешу жолдары табылып, оларды орындау жоспары мен әрекеттері таңдалғаннан кейін студенттер анализ және жоспарлау тәжірибесін дамыту мүмкіндігін алады [3].

Тәжірибелік жағдайларды жасау екі жолмен жүзеге асырылу мүмкін: нақты болған жағдайларды суреттеу арқылы және жасанды, ойдан табылған жағдайларды ұсыну арқылы.

Case-study әдісін талдай келе, бұл әдіс түрінің студенттердің арнайы, әдістемелік және қарым қатынас құзіреттерін қалыптастыру үшін маңызы зор екенін айта кету керек. *Case-study* (нақты жағдайларды шешу) әдісін бірнеше кезеңге бөлуге болады:

- дайындау кезеңі;
- танысу кезеңі;
- талдау кезеңі;
- қорытындалау кезеңі.

Бірінші кезеңде оқытушы мақсаттарды нақтылап, сәйкес «нақты ситуацияны» және сабақ сценариін жасайды. Оны жасау кезінде бірнеше міндетті талаптарды қаперге алу қажет:

- мысал теориялық курстың мазмұнымен логикалық түрде ұштасып, студенттердің болашақ кәсіби қажеттіліктеріне сай келуі керек.
- Суреттелген мәселенің күрделілігі студенттердің мүмкіндігімен сай келуі керек, яғни бір жағынан күшіне сай, екінші жағынан мәселені шешуге ниетті болуы тиіс.
- Мазмұны нақты кәсіби жағдайларды көрсетуі керек.
- Студенттерге ситуациялармен жұмыс жасаудың нақты ережелері көрсетіліп берілуі тиіс.

Екінші кезеңде студенттерді нақты кәсіби, қарастырылуы тиіс мәселеге тартып талқыланады.

Талдау кезеңінде басшылыққа алынуға мынадай ұсыныстар беріледі:

- Мәселенің белгілерін шығару;
- Мәселені анық, нақты, қысқа түрде қою;
- Әсер етудің түрлі тәсілдерін қою;
- Мәселені шешу және оны негіздеу жолдарын келтіру;
- Оң және теріс шешімдерді талдау.

Аталған әдісті пайдалану нәтижелілігі студенттердің аналитикалық жұмыстары барысында еселене түседі. Олар бір мәселені шешудің бірнеше варианттарын шығарып, салыстыра алады. Мұндай мысал әр студенттің жеке талдау, мәселені шешутәжірибесінің кеңеюіне көмектеседі.

Нақты мәселені талдау топтық жұмыс болғандықтан, оның шешімі де ашық пікірталас нысанында болғаны дұрыс. Маңыздысы танымдық қабілетті дамыту мен басқаның мәселені шешу варианттарын ешқандай ренішсіз қабылдау болып табылады. Өз кезегінде студенттерге өндірістік жағдайларды талдау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту мүмкіндігі ашылады.

Бұл әдістің ерекшелігі сабақты жүргізу талаптарын өндіріспен ұштастыруда интерактивті әдістер өз маңыздылығын жоғалтпайтындығында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Герасимов А.М., Логинов И.П. Инновационный подход в построении обучения. М. Академия АПК иПРО., 2001. – 63 с.
2. Ананьев Б.Г. избранные психологические труды. // Ананьев Б.Г. /М.:1980. т 1,2
3. Байкова Л.А., Гребенкина Л.К, Педогогическое мастерство и педогогические технологии. М.: Пед. Об-во России, 2001. – 179с.
4. Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность. М.: Политиздат, 1977. – 304 с.
5. Липканская Е.Л. современный взгляд на учебный проект// Искусство и образование. 1999.-№1. – с.77-79

Мәтбек Н.Қ.

САБАҚТА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі таңда қазақ тілі пәнін жаңаша оқыту талабы күн тәртібіне қойылып отыр. Пәнді оқытуда жиі қолданылып жүрген жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер қатарында Н.Оразақынованың сатылай кешенді талдауын, Венн диаграммасын, топтастыру әдісін, инсерт және Сэнкуен (5 жолды өлең), кубизм әдістерін атауға болады. Соның ішінде біз кейбір әдіс-тәсілдердің күрделі бағдарламалық материалдарды меңгертудегі тиімділігіне тоқталмақпыз.

Венн диаграмасы, әдетте, екі нәрсені бір-бірімен салыстыруға, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдап көрсетуге арналады.

Қазақ тілінде оқушылардың меңгеруіне қиындық туғызатын күрделі тақырыптың бірі – омонимдес қосымшалар. Омонимдес (түлғасы бірдей) қосымшаларды Венн диаграммасы арқылы меңгертудің тиімділігіне орта мектепте және дайындық факультетінің тыңдау-шыларына қазақ тілін оқыту барысында көз жеткіздік.

Омонимдес қосымшалар лингвистикада аффикстік омоним немесе омоаффикс деп те аталады. Ә. Төлеуов өзінің «Сөзтаптары» атты оқу құралында бұл қосымшалар жөнінде былай түсінік береді: «Аффикстік омоним (омоаффикс) затесім, сын есім, етістік және үстеулердің араларында болып, бұлардың қосымшалары бір-біріне тұлғалас-омонимдес болып келеді.

Осындай төрт компонентті грамматикалық омоаффикстерді ажыратудың негізгі критериясы – сөйлемдегі мағынасы, интонация мен екпіні» [1].

Оқушыларға, әсіресе, қиындық келтіретіні – омонимдес қосымшалардың ішіндегі-*ды, -ді, -ты, -ті* тұлғасы. Мысалы, *Кітап оқы-ды* деген сөйлемге талдау жасар болсақ, осындағы-*ды* тұлғасын кейбір тыңдаушылар табыс септік жалғауы деп қателесіп жатады. Біз Венн диаграммасын қолдану арқылы -*ды, -ді, -ты, -ті* тұлғаларын бір-бірінен ажырата білуге қол жеткіздік.

ВЕНН ДИАГРАММАСЫ

1. **Кімді? Нені?** Затесім + табыс септік жалғауы. Дос**ты**, гүлд**і**, кітап**ты**.	2. **Қандай?** Зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ. Мал**ды** ауыл, гүлд**і** алқап.

- ДЫ, -ДІ,
-ТЫ, -ТІ -
ТҮЛҒАСЫ БІРДЕЙ,
ОМОНИМДЕС
ҚОСЫМШАЛАР

3. Етістік түбірі (етіс, болымсыз етістік жұрнағы) + жедел өткен шақ жұрнағы. Бармад**ы**, бард**ы**, барғызд**ы**.	4. Етістік +көсемше (-а,-е,-й, -п,-ып,-іп)+ жіктік жалғауы, III жақ. Барад**ы**, барып**ты**.

Ауызша түсіндірмесі : *-ды, -ді, -ты, -ті*түлғасы

1) зат есімге жалғанып, кімді, нені? Деген сұраққа жауап берсе, табыс септік жалғауы болып табылады. Мысалы, *Тілің-ді, тәбетің-ді , нәпсің-ді тыйып ұста. (Анақарыс);*

2) зат есімге жалғанып, қандай, қай? Деген сұраққа жауап берсе, зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ. Мысалы, *мал-ды ауыл, гүл-ді алқап;*

3) етістіктің түбіріне, етіс, болымсыз етіс түлғаларынан кейін жалғанса, етістіктің жедел өткен шағының жұрнағы. Мысалы, *оқы-ды, оқы-т-қыз-ды, оқы-ма-ды;*

4) *-а, -е, -й* және*-п, -ып, -іп* түлғалы көсемшенің жұрнағынан кейін жалғанса, шақтық мағынаны білдіріп, жіктік жалғаудың III жағы болып табылады. Мысалы, *кел-е-ді, кел-іп-ті.*

Басқа да жиі кездесетін омонимдес қосымшаларға тоқтала кетсек,

а)

-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе			
1) етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ: сүз-**бе**, кес-**пе**, көр-**ме** (не?);	2) етістіктен сын есім тудырушы жұрнақ: қыз-**ба** адам, бөс-**пе** жігіт (қандай?);	3) болымсыз етістіктің жұрнағы: бар-**ма**, кел-**ме** (іс-әрекет жүзеге аспайды, орындалмайды);	4) Сұраулық демеулік шылау: Сен бардың **ба**? (сұраулы сөйлем жасайды, бөлек жазылады).

ә)

-ғы, -гі, -кі, -кі		
1) есімнен сын есім тудырушы жұрнақ: жаз-**ғы** демалыс;	2) қалау райлы етістік: бар-**ғы**-м келді, кел-**гі**-сі бар;	3) үстеуден сын есім тудырушы жұрнақ: бұрын-**ғы**, кеше-**гі**.

б)

-с, -ыс, -іс		
1) етістіктен зат есім тудырушы жүрнақ: тала-**с**, айт-**ыс**, жүр-**іс** (не?);	2) ортақ етістің жүрнағы: олар сөйле-**с**-ті;	3)есімшенің (болымсыз түлғадан кейін жалғанатын) жүрнағы: көр-ме-**с**, бар-ма-**с**.

в)

-у	
1) етістіктензатесімтудырушыжүрнақ: көсе-**у,**саба-**у**, жама-**у** (не?)	2) түйықетістікжүрнағы: оқ(ы)-**у**, бар-**у**, кел-**у**.

Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдердің пәндерді оқытуда жиі қолданылып жүрген түрлерінің бірі – **топтастыру стратегиясы(әдісі)**. Топтастыру әдісін сабақтың қорытындылау, жинақтау бөлімінде қолданған тиімді нәтиже береді. Мысалы,

а)



есім сөз таптары ,*атауыш сөздер,*<u>көмекші сөздер.</u>

ә)

Топтастыруәдісіарқылыжасалғансызбаларбойыншаөткенсабақтардыестесақтап, қайталапотыруғаболады.

Қорытаайтқанда, қазақтіліноқытудажоғарыдакөрсетілгенсызбаларарқылыжаңатехнологиялықәдіс-тәсілдердіжиіқолданутиімдінәтижеге, пәнматериалдарынтереңменгеругесептігінтигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Төлеуов А. Сөзтаптары. – Алматы: Мектеп, 1982. – 19; 22 бб.

Казбеков Б.К., Казбекова Ж.Б.

ПРАКТИКООРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПРОБЛЕМНОГО МЕТОДА

В работе Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «СОЦИАЛЬНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАЗАХСТАНА: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» подчеркнуто, что: «Сегодня в казахстанской образовательной системе недостаточно внимание к практической стороне учебного процесса, слабо учитываются индивидуальные особенности учащихся [1]. Данная постановка проблемы продиктована ускоренным развитием научно-технического прогресса и последними достижениями мировой цивилизации, которые послужили мощным стимулом для модернизации и развития идей современной педагогики и системы образования.

Выделяют следующие новые тенденции в развитии мирового образовательного процесса: 1) большинство педагогов, даже далеких от радикальных решений, настаивают на индивидуализированном обучении, учитывающим личные способности и интересы учащегося; 2) увеличение внимания к личности возможно за счет уменьшения численности учеников в классе, сокращения учебной недели и изменения классно-урочной системы; 3) интенсификация учебного процесса. Подобная индивидуализация образования характеризуется следующими чертами: 1) индивидуальный режим (гибкое расписание); 2) индивидуальный ритм изучения учебного материала; 3) использование особых дидактических материалов для самостоятельной работы; 4) фиксирование минимума и максимума объема усвоения учебного материала; 5) подвижные учебные группы; 6) учитель в роли консультанта и координатора; 7) самостоятельный выбор режима обучения; 8) сотрудничество ученика и учителя.

Сегодня одновременно сосуществуют традиционные и нетрадиционные системы обучения. Характеристики традиционного обучения: 1) последовательное формирование знаний, умений и навыков; 2) варианты уроков при традиционном обучении разнообразны: урок-открытие, урок-дискуссия, урок-экскурсия и др.

Особенности нетрадиционных моделей обучения: 1) они условно разделяются на две группы – репродуктивной и поисковой ориентации; 2) постепенное внедрение предложений, касающиеся модернизации режимов, методов, форм обучения. В некоторых странах меняется ритм учебного года. В отдельных школах ученики располагаются не за стандартными партами, а в удобной позе вокруг учителя; 3) широкое использование нестандартных приемов преподавания; 4) все новшества базируются на необходимости развивать у ребенка творческие способности и инициативу, поэтому на первый план выходит самостоятельная работа учащихся; 5) активно рассматриваются перспективы применения в школе новейших технических средств как мощного источника информации и самообразования, гарантирующих успешную модернизацию учебной деятельности.

В настоящее время использование техники рушит стереотипность в уроках, позволяет по-новому вести индивидуальные занятия, управлять учебным процессом. Развитие технического прогресса позволяет создавать новые технологии, которые могут увеличить информативность, интенсивность и результативность образования. В то же время использование в школе телекомпьютерных устройств порождает и ряд проблем. Среди них – нехватка опытных специалистов для работы с новой техникой, вопросы соблюдения гигиены и охраны здоровья школьников и др. [2].

В Казахстане осуществляется трансформация идеологии и стандартов обучения всей национальной системы образования страны, переход на принципиально новую концепцию, методологию, методы и технологию подготовки кадров. Особое внимание при этом уделяется освоению и адаптации таких хорошо зарекомендовавших и широко используемых на Западе подходов как компетентностный, личностно-ориентированный и, наряду с которыми играющему не менее важную роль в педагогике, проблемному обучению.

Под проблемным обучением обычно понимают обучение, протекающее в виде снятия (разрешения) последовательно создаваемых в учебных целях проблемных ситуаций. Что же такое проблемная ситуация? С психологической точки зрения проблемная ситуация представляет собой более или менее явно осознанное затруднение, порождаемое несоответствием, несогласованностью между имеющимися знаниями и теми, которые необходимы для решения возникшей или предложенной задачи. Задача, создающая проблемную ситуацию, и называется проблемной задачей, или просто проблемой. Сказанное относится и к науке, и к обучению, названному проблемным и имитирующему в какой-то мере процесс развития научных знаний путем разрешения проблемных ситуаций. Нередко задача, которая является проблемной при изучении школьного курса математики (учебной проблемой), когда-то возникала как научная проблема.

В качестве психологической основы проблемного обучения обычно называют сформулированный С.Л. Рубинштейном тезис: "Мышление начинается с проблемной ситуации". Осознание характера затруднения, недостаточности имеющихся знаний раскрывает пути его преодоления, состоящие в поиске новых знаний, новых способов действий, а поиск - компонент процесса творческого мышления. Без такого осознания не возникает потребности в поиске, а следовательно, нет и творческого мышления. Таким образом, не всякое затруднение вызывает проблемную ситуацию. Оно должно порождаться недостаточностью имеющихся знаний, и эта недостаточность должна быть осознана учащимися. Однако и не всякая проблемная ситуация порождает процесс мышления. Он не возникает, в частности, когда поиск путей разрешения проблемной ситуации непосилен для учащихся на данном этапе обучения в связи с их неподготовленностью к необходимой деятельности. Это чрезвычайно важно учесть, чтобы не включать в учебный процесс непосильных задач, способствующих не развитию самостоятельного мышления, а отвращению от него и ослаблению веры в свои силы. Какую же задачу можно считать проблемной для учащихся определенного класса, каковы признаки проблемы? Признаками проблемы являются: 1) порождение проблемной ситуации (в науке или в процессе обучения), 2) определенная готовность и определенный интерес решающего к поиску решения и 3) возможность неоднозначного пути решения, обусловливающая наличие различных направлений поиска [3].

Технология проблемного обучения основывается на теоретических положениях американского философа, психолога и педагога Д. Дьюи. Сегодня под проблемным обучением понимается такая организация учебных занятий, которая предполагает создание под руководством учителя проблемных ситуаций и активную самостоятельную деятельность учащихся по их разрешению, в результате чего и происходит творческое овладение профессиональными знаниями, навыками, умениями и развитие мыслительных способностей.

Целью проблемной технологии выступает приобретение ЗУН, усвоение способов самостоятельной деятельности, развитие познавательных и творческих способностей. Задачей школ является формирование гармонически развитой личности. Важнейший показатель всесторонне и гармонично развитой личности - наличие высокого уровня мыслительных способностей. Если обучение ведет к развитию творческих способностей, то его можно считать развивающим обучением, то есть такое обучение при котором учитель, опираясь на знание закономерностей развития мышления, специальными педагогическими средствами ведет целенаправленную работу по формированию мыслительных способностей и познавательных потребностей своих учеников в процессе изучения цели основ наук. Такое обучение является проблемным[4].

Большинство современных публикаций по теории обучения связано с идеей активизации учебного процесса и учебной деятельности учащихся. Под активизацией имеют ввиду эффективное использование тех приемов и методов обучения которые известны из традиционной дидактики. Авторы говорят об активизации с помощью проблемного обучения,

понимая при этом создание проблемных ситуаций и постановку познавательных задач [4]. Обучение учащихся готовым приемам умственной деятельности - это путь достижения обычной активности, а не творческой. Цель активизации путем проблемного обучения состоит в том, чтобы понять уровень усвоения понятий и обучить не отдельным мыслительным операциям в случайном, стихийно складывающемся порядке, а системе умственных действий для решения не стереотипных задач. Эта активность заключается в том, что ученик, анализируя, сравнивая, синтезируя, обобщая, конкретизируя фактический материал, сам получил из него новую информацию. Другими словами, это расширение углубление знаний при помощи ранее усвоенных знаний или новое применение прежних знаний. Нового применения прежних знаний не может дать ни учитель, ни книга, она ищется и находится учеником поставленным в соответствующую ситуацию. Это и есть поисковый метод учения.

Умственный поиск - сложный процесс, он, как правило, начинается с проблемной ситуации, проблемы. Но не всякий поиск связан с возникновением проблемы? Если учитель дает задание ученикам, указав, как его выполнить, то даже самостоятельный поиск не будет решением проблемы[4]. Подлинная активизация учащихся характеризуется самостоятельным поиском не вообще, а поиском путем решения проблем. Если поиск имеет целью решение теоретической, технической, практической учебной проблемы или форм и методов художественного отображения, он превращается в проблемное учение. Основное различие между проблемным и традиционным обучением состоит в двух моментах: они различаются по цели и принципам организации педагогического процесса. Цель проблемного типа обучения не только усвоение результатов научного познания, системы знаний, но и самого пути процесса получения этих результатов, формирования познавательной самодеятельности ученика и развития его творческих способностей.

Цель традиционного типа обучения - усвоение результатов научного познания, вооружение учащихся знаниями основ наук, привитие им соответствующих умений и навыков. В основе организации учителем объяснительно-иллюстративного обучения имеет принцип передачи учащимся готовых выводов науки. В основе организации цели процесса проблемного обучения имеется принцип поисковой учебно-познавательной деятельности ученика, то есть принцип открытия им выводов науки, способов действия, изобретения новых предметов или способов приложения знаний к практике.

При проблемном обучении деятельность учителя состоит в том, что он, довел в необходимых случаях объяснение содержания наиболее сложных понятий, систематически создает проблемные ситуации, сообщает учащимся факторы и организует (проблемные ситуации) их учебно-познавательную деятельность, так что на основе анализа фактов учащиеся самостоятельно делают выводы и обобщения, формируют с помощью учителя определенные понятия, законы. В результате у учащихся вырабатываются навыки умственных операций и действий, навыки переноса знаний, развивается внимание, воля, творческое воображение. Проблемная ситуация - это интеллектуальное затруднение человека, возникающее в случае, когда он не знает, как объяснить возникшее явление, факт, процесс действительности не может достичь цели известным ему способом, действие это побуждает человека искать новый способ объяснения или способ действия. Проблемная ситуация есть закономерность продуктивной, творческой познавательной деятельности. Она обуславливает начало мышления в процессе постановки и решения проблем [5].

Психологической наукой установлена определенная последовательность этапов продуктивной познавательной деятельности человека в условиях проблемной ситуации: Проблемная ситуация; проблема; поиск способов ее решения; решение проблемы. Полый цикл умственных действий от возникновения проблемной ситуации до решения проблемы имеет несколько этапов: - возникновение проблемной ситуации; - осознание сущности затруднения и постановка проблемы; - нахождение способа решения путем догадки или выдвижения предположений и обоснование гипотезы; - доказательство гипотезы; - проверка правильности решения проблем. Общие функции проблемного обучения; - усвоение учениками системы знаний и способов умственной практической деятельности; - развитие познавательной самостоятельности и творческих способностей учащихся; - формирование диалектико-материалистического мышления школьников (как основы).

Использование технологии проблемного метода в преподавании трудно-усвояемых финансовых дисциплин можно представить на примере предмета «Рынок ценных бумаг» следующим образом. Согласно силлабуса по дисциплине «Рынок ценных бумаг» для 3-го курса бакалавриата целью курса является изучение студентами основ функционирования рынка ценных бумаг в объеме и аспектах теории и практики развития этого направления в Казахстане и за рубежом. Соответственно задачами курса выступают: -ознакомление с теоретическими основами организации фондового рынка; -изучение становления и развития рынка ценных бумаг; -изучение методов регулирования рынка ценных бумаг; -раскрытие роли и значения институциональных инвесторов на фондовом рынке; -ознакомление с особенностями функционирования профессиональных участников рынка ценных бумаг. Пререквизиты: данный курс связан с такими дисциплинами как: «Экономическая теория», «Деньги, кредит, банки», «Финансы», «Банковское дело», «Финансовые рынки и посредники». Постреквизиты: «Денежно – кредитное регулирование», «Международный рынок ценных бумаг», «Корпоративные ценные бумаги» [6].

Отсюда видно, что процесс обучения в основном направлен на накопление основ знаний по отдельным объектам, фактам, показателям. В условиях же проблемного обучения развитие активности в умственной деятельности учащихся характеризуется как переход от действий, стимулируемых заданиями учителя, к самостоятельной постановке вопросов; от действий, связанных с выбором уже известных путей и способов, к самостоятельным поискам решения задач и дальше — к выработке умения самостоятельно видеть проблемы и исследовать их. Культивируемый в проблемном обучении исследовательский метод — это такая организация учебной работы, при которой учащиеся знакомятся с научными методами добывания знаний и, осваивая доступные им элементы научных методов, овладевают умением самостоятельно добывать новые знания, планировать поиск и открывать новую для себя зависимость или закономерность. Так, переход Казахстана от административно-командной экономики к рыночной меняет все общественные отношения, радикально видоизменяет формы собственности, механизм функционирования хозяйствующих субъектов, виды финансовых связей между ними и мотивы их деятельности.

Современный цивилизованный рынок с элементами государственного регулирования - единственный по-настоящему эффективный способ функционирования экономической системы, которая базируется на действии объективных экономических законов (в первую очередь закона спроса и предложения). Фондовый рынок занимает важнейшее место в системе рыночных отношений, причем одной из его ключевых функций являются регулирование и направление финансовых потоков. Фондовый рынок - своего рода кровеносная система, по которой происходит перелив финансовых ресурсов. Сбой в этом процессе автоматически приведет к отсутствию финансов в каком-либо сегменте, рынка и спаду производства в этом секторе экономики и к крайне болезненным последствиям для всей экономической системы в целом.

Богатый опыт стран с развитой рыночной экономикой, где ключевой элемент мотивированного перелива финансовых средств из одних сфер экономики в другие - фондовый рынок, наглядно и убедительно показывает его преимущество перед административно-командными методами распределения и перераспределения финансовых ресурсов[7]. При этом одной из ключевых задач, стоящих перед государственными органами, законодательно регулирующими и контролирующими фондовый рынок Казахстана, остается выбор модели развития рынка ценных бумаг страны. Основополагающим принципом при выборе модели должно быть то, что Казахстан - это во многом самодостаточная региональная экономическая система, которая имеет ярко выраженную специфику и не тяготеет ни к одному из известных финансовых центров мира, но при этом стремится поддерживать хорошие отношения со всеми. Готовая превратиться в самостоятельный региональный финансовый центр, Казахстан в силу специфики своего функционирования не сможет использовать большинство из известных зарубежных моделей. Он должен формировать собственную модель фондового рынка на основе национальных интересов и своих специфических особенностей. Однако это не подразумевает полного отказа от зарубежного опыта, но слепого копирования, которое здесь зачастую имело место ранее, быть не должно[7].

Следствием особенностей развития национального рынка ценных бумаг является специфический характер механизма его функционирования, проявляющийся в своеобразном действии всех его элементов (сегментов), а именно: - специфика казахстанского рынка облигаций заключается в однобоком характере развития, выразившемся в эмиссии лишь государственных облигаций при абсолютном игнорировании рынка корпоративных облигаций, что привело к крайне уродливой структуре облигационного рынка, нарушающей основополагающие принципы гармоничного развития экономики и, по существу, развивающей лишь спекулятивный сектор облигационного рынка и совершенно не стимулирующей реальный сектор экономики, базирующийся на развитии рынка корпоративных облигаций, который сегодня фактически отсутствует; - специфика функционирования казахстанского рынка государственных ценных бумаг проявляется в больших перепадах их доходности и низком уровне надежности; - специфика взаимоотношений между инвесторами и частью эмитентов в силу психологии «господина» или «временщика» последних препятствует притоку прямых инвестиций в производство через механизм акционирования; - специфика взаимоотношений между государством как эмитентом, с одной стороны, и инвесторами - с другой проявляется в том, что эмитент в лице государства в нарушение всех общепринятых в мире норм и положений является крайне необязательным (ненадежным) партнером, что ставит инвесторов в ситуацию неопределенности и неуверенности, являясь одним из главных препятствий на пути притока инвестиций в казахстанскую экономику.

Подобным образом мыслительная деятельность студентов стимулируется постановкой вопросов. Вопрос преподавателя должен быть сложным настолько, чтобы вызвать затруднение студента, и в то же время посильным для самостоятельного нахождения ответа.

Кроме того, проблемное обучение выполняет также специальные функции: - воспитание навыков творческого усвоения знаний (применение отдельных логических приемов и способов творческой деятельности); - воспитание навыков творческого применения знаний (применение усвоенных знаний в новой ситуации) и умение решать учебные проблемы; - формирование и накопление опыта творческой деятельности (овладение методами научного исследования, решение практических проблем и художественного отображения действительности).

Резюмируя вышеизложенное можно заметить, что последовательно и целенаправленно используя подобным образом проблемный метод преподаватель может в значительной мере повысить не только качество получаемых учащимися знаний, навыков и умений в традиционном понимании, но и вырабатывать практические навыки выполнения умственных операций и действий, навыки переноса и получения новых знаний, а также развивать у них внимание, волю и творческое воображение.

Литература

1. Назарбаев Н.А. СОЦИАЛЬНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАЗАХСТАНА: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда. 10 июля 2012 г.

2.http://shkolazhizni.ru/archive/0/n-42552/ © Shkolazhizni.ru

3. Кривонос Г.А. Теоретические основы проблемного обучения. Проблемное учение. Проблемная Ситуация. – М. – 2011.

4. Махмутов М.И. Организация проблемного обучения. - М. - 1977.

5. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. - М.- 1980.

6. Казбекова Ж.Б. УМК по дисциплине «Рынок ценных бумаг», КазНУ им. аль-Фараби, 2014 г.

7. Казбекова Ж.Б. Управление финансовыми потоками экономики Казахстана в условиях глобализации. Алматы, Изд. «Қазақ университеті», 2009 г.

Салқынбай А. Б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСІ

Түйін

Мақалада шетелдіктерге қазақ тілін оқыту жүйесіне американдық ағылшын тілін оқыту әдістемесін қолдану туралы пікір айтылады. Әлемдік тіл білімінде өзіндік орны бар Н. Хомский ілімі арқылы тілді үйрету әдіс-тәсілдерінің ерекшелігі анықталып, біліктілігі нақтыланып, тілді моделдеу үдерісін пайдалану арқылы оқыту жүйесінің орнықтылығы мен нәтижелілігі сараланады. Шетелдіктерге қазақ тілін үйретудің кейбір ерекшелігі анықталып, ондағы қиыншылықтар көрсетіледі. Лебіздік ортаның жоқтығы, алайда тілді үйренудің мотивациясы бар, қызығушылық жоғары екендігі тілді оқытудың жаңаша әдістерін қалыптастыру қажет-ттілігін туғызатыны айтылады.

Тірек сөз. Қазақ тілі, оқыту әдістемесі, шетелдіктерге арналған қазақ тілі, американдық оқыту әдісі

В статье обсуждается применение американской методики преподавания английского языка для изучения казахского языка. Определены особенности методов обучения по известной в мировой лингвистике методики Н.Хомского, анализируются результативность и компетенция системы обучения с применением процесса языкового моделирования. Выявлены некоторые проблемы и трудности изучения казахского языка иностранцами. Отмечается, что достаточный уровень мотивации и интереса при отсутствии речевой среды порождает необходимость формирования новых методик обучения.

Ключевые слова. Казахский язык, методика обучения, казахский язык для иностранцев, американская методика языкового обучения.

The article discusses the use of American methods of teaching English to study Kazakh. The features of the known methods of teachingin the world linguistics techniques N. Chomsky analyzed the performance and competence oft he training system using process modeling language. Revealed some of the problems and difficulties ofl earning the Kazakh language for foreigners. Itis noted thatanadequate level of motivation and interestin the absence of speech environment createstheneed for the formation of new teaching methods.

Keywords. Kazakh language teaching methodology, the Kazakh language for foreigners, the American method of language training.

Қазақ тілі еліміздің ата заңында мемлекеттік тіл ретінде танылғаны бері, әртүрлі сипатты аудиторияларда, әртүрлі бағытпен оқытылып келе жатыр. Осы уақыт аралығында бірнеше ғылыми әдістемелер ұсынылып, оқу стандарттары белгіленіп, типтік бағдарламалар негізінде оқулықтар мен оқу құралдары жазылғаны аян. Нәтиже бар. Орта мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылатын оқулықтардың жалпы типтерін былайша бөлуге болады:

1) дәстүрлі құрылымдық жүйеге негізделген грамматикалық бағытпен оқыту әдістемесі;
2) грамматикасыз оқыту жүйесі;

Елімізде бұл екі бағыт бойынша бірнеше деңгейлік оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулар жазылып, тест жүйесі жасалған.

Қазақ тілін оқытудың әдістемесін анықтамас бұрын, ең алдымен қазақ тілін оқитын тілдік тұлғалардың әлеуметтік, психологиялық, қажеттілік деңгейін анықтау абзал. Тілдің бүгінгі әлеуметтік ахуалы мемлекет жүргізіп отырған тілдік саясатпен тығыз байланысты болатыны белгілі. Бүгінгі таңда қазақ тілін оқудың, оқытудың мотивациясы артып отыр, бұл, әсіресе, шетелдіктердің қазақ тіліне деген қызығушылығынан анық көрінеді.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясы 70-ші мерейтойлық сессиясының жалпы пікірталасында жасаған баяндамасын қазақ тілінде жасағаны бәрімізге белгілі. Қазақ елі үшін бұл үлкен рухани көтерілу болды, ал қазақ тілін оқытушы мамандар үшін, жауапкершілік арта түсті деп бағалаймыз. Абайды өз ана тілінде оқығысы келетіндердің саны артып отырған түста, жоғары әдістімелік деңгейде оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, үйренушілерге нақты

бағыт көрсетіп, лебізіміздегі ойдың қанықтығын, нақтылығын, тиянақтылығын айқындай алатын әдістемемен оқыту жүйесін белгілеу, тіл үйрету жүйесін жүйелі жолға қою іргелі мақсаттардың бірі болмаққа керек.

Қазір қазақ тілін оқыту ісі саябырламай, керісіше, қарқынды дамуы қажет. Елбасымыз, айтқандай, қазақ қазақпен қазақша сөйлесіп, лебізіміздің ішкі дамуын жалғастырып жатса, шетелдіктерге қазақ тілін үйрету арқылы оның халықаралық деңгейде де өсуіне жағдай туғызу керек. XYI ғасырда қазақ тілінің халықаралық мәртебесі болғанын есімізге түсіріп, жадымызда жаңғыртсақ деген ой келеді. Елбасының БҮҮ мәртебелі мінберінде қазақша сөйлегені бізді осындай ойларға жетелейді.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту ісі де қазіргі Қазақ елі үшін аса маңызды және өзекті мәселенің бірі. Қазіргі уақытта Ресейде, Қытайда (Пекинде), Кореяда (Сеулде), Польшада, АҚШ-та, Еуропаның көптеген елдерінде қазақ тілі шет тілі ретінде оқытылуда. Сондай-ақ елімізге сырт елден келген шетелдік азаматтарға қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың да өзіндік ерекшелігі мен қыр-сыры бар. Қазақ үлты мен бірнеше ұлыстарды біріктіріп отырған тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілін өз елімізде оқытудың ішкі жүйесі мен желісін қалыптастыруда ғылыми бірізділік пен жүйелілік қалыптасты десек, шетелдіктерге қазақ тілін үйретудің де өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, нақты әдістемесін жасау өзекті мәселенің бірі деп пайымдаймыз.

Ағылшын және орыс тілдерінің оқыту әдістемесінің жетілгенін, жүйелі екенін білсек те, мұны игерудің, үйренудің де жолдары көп. Әлемдік деңгейде оқытылып отырған ағылшын тілінің оқыту әдістемелерін жүйелі зерделеп, соның негізінде қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекше әдістемесін қалыптастыруға болар еді. Ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқыту жүйесін ғылыми түрғыдан зерттеу американдық ғалым НоамХомскийдігенеративті тіл білімін жасауға әкелді [1]. Ол 1950 жылдары құрылымдық грамматиканың бір бағыты ретінде генеративті тіл білімінің негізін салған. Генеративті тіл білімі дәстүрлі құрылымдық грамматиканың көп өкілдерінің ғылыми көзқарастарына өзгеріс енгізді, сондықтан да тіл білімінде «хомскийдің төңкерісі» деген термин тұрақтап, солай аталды. Генеративті тіл білімінің (ГТБ) негізінде тілдің туғызушы моделі туралы түсінік жатады, яғни кез келген тілдік ережелер тек қана дұрыс сөйлем құраудың жөн жосығын анықтауға бағытталуы қажет. ГТБ біздегі қалыптасқан дәстүрлі тіл біліміндегі сияқты тілді сипаттаумен айналыспайды, тілдегі басты ақпараттық түлғаларды моделдеу үдерісін көрсетеді. ГТБ ның пайда болуы ең алдымен, экстро-лингвистикалық факторлармен, яғни, XX ғасырдың елуінші жылдарындағы соғыстан кейінгі қиын кезеңде қалыптасқан модельдеуге ұмтылу, компьютерлік төңкеріс, генетикалық код моделін құру, машиналық аударма жасау мен математикалық тіл білімінің дамуына байланысты болды. Оның дәстүрлі грамматикадан басты айырмашылығы мынада: дәстүрлі грамматика дыбыстан сөз, сөзден сөз тіркесі, сөз тіркесінен сөйлем құралады деп дәлелдесе, ГТБ лебіздің пайда болуы синтаксистен басталып, фонологияға қарай өрбиді, яки ойдың көрінісі ретіндегі лебіздегі сөйлемнің абстрактілі синтаксистік құрылысы бастапқы маңызды рөл атқарады деп пайымдайды.

Н. Хомский ұсынған «компетенция» ұғымының маңызы ерекше, ғалымның пайым-дауынша, «компетенция» тілді интуитивті меңгеру. Қазіргі таңда әлемдік ғылымда Хомский теориясы кеңінен қолдау тауып, дамытылуда [2]. Осыған орай коммуникативтік құзыреттілік, әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілік, дискурстық құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, когнитивтік құзыреттілік т.б. түрлері анықталып, ғылыми түрғыдан орнықты. Бұл құзыреттілік түрлерін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Ғалымдардың пайымдауынша, тілді үйренудің екі түрлі сыпаты бар:

- тіл туралы білімнің болуы;
- метакогнитивті стратегия.

Тілді үйренуші үшін, сол тіл туралы, оның жалпы құрылымдық заңдылықтары туралы жалпы ақпараты болуы қажет. Қабылданатын ақпарат үйренушінің бұрыннан бар білім білігінің негізінде қабылданып, оның дамуына ықпал етуі керек. Мынадай қарапайым мысалға назар аударалық: Бала мектепке барды. Сөйлемді талдамас бұрын ондағы ойдың бүтіндігіне, сөйлемнің дұрыс құрылғанына көңіл бөлеміз. Сөйлемде баланың мектепке баратындығы туралы ақпарат берілген. Енді сөйлемді құрылымдық тұрғыдан бөлеміз: бала – сөйлемдегі ойдың субъекті, заттық мағынаны білдіреді (С), мектепке (О) – баланың қайда бет алғанын

анықтайды, жанама толықтауыштық мағына, барды (Е) әрекетті анықтап, сөйлемнің баяндауышы болады. Сөйлемді құраушы түлғалар нақты ақпарат беріп, ойдың біршама тиянақтылығын қамтамасыз етеді. Бір қарағанда мектеп деңгейіндегі талдау болып көрінуі де ықтимал. Алайда, қолданыстағы тіл үшін маңыздысы ойдың түсініктілігі мен нақтылығы десек, оның түсінілуі сөйлем ішіндегі сөздердің мағыналық құрылымымен байланысты тіркесімділігінде екендігінде дау болмаса керек. Әсіресе, машиналық аударма жұмыстарында табиғи тілдік иірімдерді дұрыс және нақты түсіну үшін сөйлем ішіндегі сөздердің тіркесімділік ретінің анықалуы да маңызды саналады. Мәселен, жоғары да келтірілген сөйлемді әртүрлі сипатта түрлендіріп көрелік: Бала мектепке барды. Мектепке бала барды. Бала барды мектепке. Мектепке барды бала – сөйлеу барысындағы лебізде осы нүсқалардың қай-қайсысы да қолданатыны белгілі. Бір қарағанда, сөйлемдердің мағыналық сипаты бірдей, алайда функционалдық семантикалық ерекшелігі бар, әрі бұл лебізде айқын аңғарылады. Бірінші сөйлемде «мектепке» сөзіне ерекше маңыз беріле айтылса, екінші сөйлемде «бала» маңызды да, келесі сөйлемде «барды» ерекше лебізді екпінмен айтылады да, тыңдаушыға берілетін ақпаратта өзіндік ерекшелікке ие болады. Демек, ойдың тиянақты жеткізілуі үшін сөйлемнің синтаксисі емес, сөйлемнің мәні, яғни семантикасы маңызды болады.

Біздің елімізде де Ф.Ш. Оразбаева [3], Э. Сүлейменова [4], З. Күзекова [8], К. Қадашева [5], сынды ғалымдар еңбектерінде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың әдістемесі жасалғаны жоғары бағаланады. Бұл еңбектер негізінен, орыс тілді аудиторияға арналып, соның ерекшелігін ескере отырып жазылған. Қазіргі орыс тілді аудиторияда отырған үйренушілердің дені қазақстандық азаматтар екенін ескерсек, олардың қазақ тілін меңгеруінде көп жеңілдік бар екені анық. Ең бастысы, мұнда тілдік орта бар, коммуникация жасауға толық мүмкіндік бар. Ал шетелдіктерге қазақ тілін үйретудің басты ерекшелігі де осыдан келіп шығады. Мұнда лебіздік орта жоқ, алайда тілді үйренудің мотивациясы берік, қызығушылық жоғары. Осы ретте шетелдіктерге қазақ тілін үйретудің өзіндік жаңаша әдістемесін жасаудың маңызы арта түседі.Әлемдік циклдік заңдылықтарға бағынатын адамның табиғи болмысы мен дүниетанымының арасында жақсылық пен жамандық, түн мен күн, қараңғы мен жарық, ақ пен қара ұғымдарынан тарайтын сандаған сырлы таным дүниесінің шексіз ұқсастығы бар. Осы ұқсастық негізінде адамдардың бірін-бірі түсінуі жеңіл, ұғуы оңай.Ұлттардың бір-бірінен тілдік айырмашылығы олардың кеңістіктегі гармониялық бірлігін де қамтамасыз етуі қажет. Әлеуметтік-мәдени болмыстың бейнесі, мәдени феномен саналатын тілді оқыту арқылы ұлттық және жалпы адамзаттық әлеммен гармониялы байланыс қалыптасады. Қазақ тілін оқытудың біріздiлігі мен жүйелілігін арттыру үшін, әлеуметтік тапсырыстарға жауап беруде, атқарылатын істер көп. XXI ғасыр сұранысына жауап бере алатын тілді үйренудің басты тәсілдерінің бірі – деңгейлік оқыту жүйесі қазіргі уақытта көптеген жоғары оқу орындарында оқытылатын қазақ тілінің әдістемелік негіздемесіне айналып та үлгерді. «Білім берудің көпсатылы деңгейі» үлгісінің әр сатысында берілетін ақпаратты нақты анықтау мен оның мазмұндық құрылымын жүйесі саралау, принциптерін зерделеу, сөйтіп үздіксіз білім берудің нақты кешенді жүйесін жасауға болады.

Тілді оқытуда, әсіресе, жеке түлғаның қалыптасуын ерекше мән бере отырып, тіл арқылы қазақ ұлтына деген құрметті қалыптастыру басты назарда . Яғни, ТІЛ – ТҰЛҒА – МӘДЕНИЕТ қағидасы негізінде үйренушінің қажетті, дұрыс ақпарат алуына көңіл бөліп үйрету негізгі мәселе саналады.

Өзкезегіндеәрбірдеңгеймынадайғылымифазаларменорнығады:

1. Функционалдықталдау;
2. Ақпараттықталдау.

Америкалық тілді оқыту жүйесінің дәстүрлі даму жолы базалық сападағы ақпараттардың маңыздылығы мен сөйлеу тілінде көп қолданылатын қажетті құрылымдарды анықтап, прагматикалық қатынасқа құрылғанын көруге болады. Әсіресе, ең маңыздысы, базалық ақпараттық моделдің ерекшелігін айқындауға бағытталуы. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесі үшін ғылыми жобаның нәтижесі ретінде мынадай маңызды міндеттерді алға тартады:

1) Отандық тілді оқыту жүйесін халықаралық стандарттар негізіне қарай интеграциялау, үйлестіру;

2) Тілдіоқытудыңамерикалықәдістемесіндегімаңыздыоқытутехнологияларынескеру; қазіргітаңдаорыстіліноқытуәдістемесінің де осы бағытқақарайойысабастағаны байқалады (И.Л. Бим, А.А.Миролюбов, М.С. Ильин, Б.А. Лапидус, т.б.);

3) Дәстүрлі отандық оқыту технологиясын қазіргі инновациялық оқыту технологиясына көшіруді жеңілдету;

Оқыту жүйесінде маңызды фактор ретінде коммуникативтілік құзыреттілік алынады. Яғни, үйренушіге қажет ақпараттар легі барынша нақты және күнделікті қажетті, прагматикалық талаптарға сай болуы керек. Кез келген мәтінге немесе диалогқа қазақтың ұлттық танымдық ақпараты мол этнографиялық желідегі ұлттық болмысымызды танытатын құндылықтарымызды орынсыз тықпалау дұрыс емес деп танылады. Сондай ақ, тіл үйренуші қазақ тілінің көркемдік болмысын танып білмей, бағаламай жатып, оған қазақ рухани құндылықтарының атасы Абай, Шәкерім сынды тұлғалардың өлеңдерінен үзінділер беру олардың шығармашылығын дұрыс бағаламау болып саналады. Американдық немесе еуропалық оқыту әдістемесі үйренушіге (мейлі ол жоғары деңгейде болсын), өзінің классикалық әдебиет үлгілерінен мәтін ұсынбайтынын біздерге де үйрену керек деп пайымдаймыз. Өйткені қазақ классиктерінің көркем шығармаларындағы сөз қолданысы мен сөз мағыналарының тереңдігі тіл үйренушілердің түсінуіне, сөз мағыналарының мәнін ұғуына үлкен қиыншылықтар әкеледі. Сондықтан таңдалып алынған тақырыптарда тек қарапайым деңгейде қолданылатын сөздер таңдалып алынып, олардың қолданыс қайталанып, жүйеленіп отырылды. Келтірілген мәтіндердегі сөздер үнемі тексеріліп, өтілмеген түсініксіз сөздер, ауыспалы мағыналы сөздер мүмкіндігінше берілмейді.

Үйренуші мен үйретушінің арасында болатын диалог біржақты немесе тек үйретушіні қайталауға құрылмауы керек. Американдық ғалымдар мұндай оқытушыны теледидарға теңейді. Оқытушы теледидарға айналмауы үшін үйренуші мен үйренуші, үйренуші мен үйретуші арасындағы белсенді диалог тіл үйретудің басты шарты, коммуникативтік негізге құрылған инновациялық сабақ саналады.

Шетелдіктерге қазақ тілін үйретуде оқытудың деңгейлік сипаты сақталады. Мәселен, қарапайым деңгейде үйретудің әдісі де қарапайым болуы қажет деп есептейміз. Негізінен үйренуші мен үйренушінің, үйренуші мен үйретушінің арасындағы ауызекі диалогқа құрылуы, грамматикалық тұлғаларды жекелей оқытуға емес, күнделікті практикада қолданылатын ұғымдарды жеткізу, сөздерді емес, пікірді, пікірдің мазмұнын қазақ тілінде жеткізе білу маңызды саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Chomsky N. New Horizons in the Study of Language and Mind. — Cambridge, 2001. - С. 155-170.
2. Chomsky N. Three Factors in Language Design // Linguistic Inquiry, 36, no. 1. — 2005. - С. 11-15.
3. Оразбаева Ф. Научно-теоретические основы языковой коммуникации и коммуникативного метода. Алматы, 1996. -216 с.
4. Сулейменова Э., Кадашева К., Аканова Д..Анықтағыш. Қазақ тілі [Text] : грамматический справочник. Учебный комплекс - Алматы :Жибекжолы, - 230 с.
5. Қадашева Қ. Қазақтілі: оқытудыңтиімдіәдістемелері. - А., 2000. -194 с.

Керімбекова Н.Н.

«БАНКТІК ТӘУЕКЕЛДЕР» ПӘНІН ТӘЖІРИБЕЛІК БАҒЫТТА ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі жас ұрпақ біздің ертеңгі болашағымыз, яғни сол жас ұрпақты саналы тәрбиелеу мен сапалы білім беруде әрбір оқытушы- ғалымдар қауымына ерекше жауапкершілік пен міндет жүктеліп отыр. Сондықтан да қазіргі білім беруді жаңғыртудың маңызды жағы студенттерді алатын мамандығы жағынан тәжірибелік бағытта дайындау болып табылады.

Өйткені,қазіргі жағдайында жұмыс берушілермен тығыз байланыста ғана оқу орны өзінің басты мақсатын –жоғары кәсіби даярлыққа және еңбек нарығындағы сұранысқа ие,бәсеке қабілетті білікті маманды дайындау мақсатын орындай алады.

Жалпы бәсекеге маман даярлау білім мен ғылымның және өндірістің кіріктірілуіне негізделеді.Тек осы үштік одақтың бірлігі ғана нарық талаптарына жауап беретін маман дайындау механизімдерін іске асыра алады.

Әлеуметтік серіктестік жоғары оқу орындары үшін келесі жаңа мүмкіндіктерге:

-қандай және қанша маман дайындау қажеттілігі туралы ақпарат алуға; -мамандарды дайындау мазмұнында жұмыс берушілердің талаптарын ескертуге;

-жұмыс берушілердің талаптарына жауап беретін жаңа оқу бағдарламаларын жасауға;

-бітірушілерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сондықтанда,білім беру жүйесі мен өндірістің кіріктірілу удерісі-қоғам үшін мамандарды дайындауға тапсырысты қалыптастыруға қажетті шарт.Бұдан шығатын қорытынды :жоғары оқу орындарының әлеуметтік серіктестерімен белсенді әріптестік әрекетін жүзеге асыру барысында маман маман даярлау мазмұны мен іс әрекеттерді үйымдастыру мазмұныны елеулі өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауға тиіспіз. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды жаңаша ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз» делінген. Сондықтанда елбасының осы сөзі, біздің ұстанатын өмірлік қағидамыз болу керек.

Соның бірі болашақтағы ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын нарықтық экономикалық тәрбие беру мен дүниетаным қалыптастыруда қаржыгер мамандығы бойынша негізгі міндетті және таңдаулы пәндерден дәріс беріп,семинар сабақтарын жүргізетін маман-оқытушылардың орны ерекше.

«Банктік тәуекелдер» пәні-оқу жұмыс жоспарындағы жоғары курс студенттеріне арналған таңдаулы пән болыптабылады.

Бұл пән -мамандарды дайындайтын оқу пәндері арасында маңызды рөл атқара отырып, банк және оның жүргізетін активті және пассивті операциялары негізінде болатын тәуекелдерін және оларды басқару әдіс- тәсілдерін үйрететін курс болып табылады.Пән бойынша банктік заңдылықтар мен онда болатын тәуекелдер денгейін азайтудың әдіс ,тәсілдерін үйрету сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы коммерциялық банктердің және өзгеде дамыған елдер тәжірибесіндегі банктік тәуекелдер ерекшеліктерін оқыту жатқызылады. Осы міндеттер мен мақсаттарды орындау үшін қазіргі нарықтық экономиканың жаңалықтарын, оқу әдістемелік тәсілдің тиімді жолдарын таңдау, үздіксіз ізденіс пен білім сапасын жақсарту қажет. Пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, қосымша элементтерді пайдалану мен пәнге байланысты глоссариде қарастырылған негізгі ұғымдар бойынша тарихи деректерді оқып үйренуге дағдыландыру, баяндама, рефераттар, хабарлама жасату, өз бетінше оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу және тағы басқада жетілдіру жолдарын дамыта білуіміз қажет.

Раз в месяц по тематическому плану в соответствии со школьным учебным процессом школьники имеют возможность смотреть на большом экране в кинотеатре тематически подобранные фильмы. Каждый показ предваряется мини-лекцией доцента кафедры философии КазНУ Борецкого О.М. на заданную тему. По отдельным фильмам проводится обсуждение в зале после просмотра. По итогам показа, мини-лекции и обсуждения учащиеся пишут самостоятельные рефлексии-эссе.

Не трудно понять, что ***целью*** данного проекта является ***интегрированное гуманитарное образование***. При этом решаются следующие ***задачи*:**

- ***мировоззренческая*** (формирование современных представлений о человеке и мире),
- ***обучающая*** (соединение учебных предметов средней школы с философией, культурологией и искусством кино),
- ***этическая*** (формирование ценностного стержня личности),
- ***эстетическая*** (формирование душевного мира личности посредством искусства),
- ***коммуникативная*** (общение учащихся с учителями и преподавателями вуза),
- ***профориентационная*** (формирование мотивационно-ценностной установки к высшему образованию).

Образовательный процесс в киноклубе — этот процесс осознания и формирования личностных суждений. Он находит выход и приводит к окончательным формулировкам. Каждый фильм программы был запланирован так, чтобы дать шанс каждому учащимся ответить на свои вопросы, «добрать понимание материала, договорить недосказанное, поставить логическую точку в определении изучаемого концепта».

В предшествующей каждому фильму мини-лекции О. М. Борецкий предлагает четкий алгоритм рассуждения по данному вопросу, готовя зрителя к серьезному вдумчивому просмотру, заставляя работать мышление, исключая пассивность, лень и равнодушие.

Так, например, перед обсуждением концептов: «талант и гений» из программы прошлого года была дана мини-лекция с комментарием различий между этими словами. Это был ясный и понятный диалог с аудиторией о личности В.Шекспира: кто он, гений или талант? Фильм «Влюбленный Шекспир» отвечает на эти вопросы, а также рисует время (эпоху Возрождения) с уникальным театром, ложью и лицемерием, скоторыми трудно уживаться. Образы на экране как-будто сходят с полотен Леонардо Да Винчи. Хочется смотреть, слушать и аплодировать со зрителями театра «Глобус» Шекспира, что и произошло в кинотеатре. Студенты МША , а также гимназии №1 и школы «Мирас» хлопали актерам, утверждая их мастерство.

В международной школе МША работа с концептами-это естественная часть программы Международного Бакалавриата. Концепты-понятия «экология души — пространство — время — история» входят в предметный (русский язык и литература) концепт «время», а этот концепт в свою очередь является частью ключевого концепта «история», который отражает фундаментальный концепт программы МБ «Личность и индивидуальность в обществе», что и было показано на примере фильма «Тотем волка».

Таким образом, учащиеся, понимая, что говорят о личности, создают образ-форму, его портрет: тело и характер, которые формируются через понимание индивидуальностей, гениев, талантов и их поклонников.

Концепт «истина» является частью обсуждения ключевого концепта «наука» и помогает понять, что, живя в современном мире, мы должны осознавать себя частью целого общества, которое отражает наше понимание и наши мысли, принимая или не принимая их. Находясь в обсуждении темы, мы понимаем, что трудно достичь постижения истины, часто жизнь вносит свои коррективы, требуя жертвы за свои принципы и убеждения, как это произошло с героиней фильма «Агора», первой женщиной-ученым, предвосхитившей открытия Иоганна Кеплера. В ходе обсуждения учащиеся высказывались относительно важности мировоззренческих принципов и дискутировали на тему взаимоотношений науки и религии.

Чтобы точнее представить себе структуру и содержание образовательного проекта «Smart Cinema» приведем календарный план на 2015-2016 год.

	Дата проведения	Предметы интеграции	Концепты и обсуждаемые фильмы
	25 сентября	Русский язык, английский язык, драма	***Учитель, авторитет, самоопределение*** «Общество мертвых поэтов»
	29 октября	Литература, музыка, география	***Экология души, пространство-время-история*** «Тотем волка»
	26 ноября	Литература, история, математика	***Истина, правда, наука, открытие*** «Агора»
	24 декабря	Литература, психология	***Этика и мораль, нравственная культура*** «Покажи мне любовь»
	28 января	Литература, история, религиоведение	***Вера и суеверие*** «Ной»
	25 февраля	Литература, психология, английский язык	***Личность и ндивидуальность, страх*** «Тэмпл Грэндин»
	24 марта	Литература, ИЗО	***Гордость, индивидуаальность и творчество*** «Легенда о пианисте»
	28 апреля	Литература, история	***Совесть, честность и развитие*** «Снайпер»
	19 мая	Литература, математика, информатика	***Ум и интеллект, характер*** *«Умница Уилл Хантинг»*

Сегодня можно с уверенностью сказать, что образовательный проект «Smart Cinema», построенный на интеграции школьного, университетского образования и искусства кино, дает хорошие результаты. Существуя третий год, он безусловно является ***уникальным*** для системы образования в Казахстане, популярным и актуальным в программе Международного Бакалавриата в МША среди учащихся и преподавателей. Результаты каждого просмотра фильма и беседы с О.М. Борецким выносятся на обсуждение и являются частью обязательной информации об итогах недели по школьному радио, а также становятся частью социального проекта учащихся 8-9 классов, которые освещают результаты в ежемесячной газете МША «Come together» и информационном стенде «Новости месяца».

Нельзя не отметить и то, что концептуальное понимание помогает учащимся развить личностную позицию, способствует самореализации и активному становлению в современном обществе.

Буланова Т.М.

ХАЛЫҚТЫҢ МҰРАСЫ - ФИЗИКА САБАҒЫНДА

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласындағы басты міндеттерінің бірі ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, шәкірттерге терең білім мен тәрбие бере отырып, құзыретті жеке тұлға тәрбиелеу. Ұрпағын ойламайтын ел болмайды. Онсыз өсіп өнуі, өркендеу, ілгері жүру жоқ. Халықтың оқу тәрбиелілігі негізгі мақсатты, жалпы адамды, ең алдымен баланы, сұлулық дүниесінен таныстыра отырып тәрбиелеу. Бұл білім алушыларды ұлтжандылыққа,

халқын қастерлеуге, оған адамгершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелейді. Білім мен тәрбиенің қайнар көзі - халықтық педагогика.

Халық педагогикасы дегеніміз тәрбие жөніндегі халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан педагогикалық білім тәрбие тәжірибесінің жиынтығы. Халық педагогикасындағы ақыл – ой, идеясы қай халықтың болсын тіршілік тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрлерімен тығыз байланыста туып, өсіп өркендеп, дамып және ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып жетіп отырған. Халық келер ұрпағын өзіне дейінгі қоғамның қолы жететін тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны жинақтап пайдалана отырып, шынайы адамгершілік қасиеттерге баулып, тәрбиелеуге мақсат еткен. Бірде – бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл – ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес.

Халқымыздың тәлімгерлік мұрасы ұшан – теңіз болса да, оның ауқымы шексіз. Сондықтан да оларды оқу тәрбие ісіне ендіргенде ғылыми тұрғыдан жүйелеуді, бағыт – бағдар сілтеуді қажет етеді. Халық шығармашылығы элементтерін халықтың педагогика әдістерін пайдалана отырып физика пәнін оқытумен қазіргі кездегі сол пәнді оқытудың арасында жас ұрпақтың физикаға қызығушылығын арттыру. «Физика және астрономия» пәнін ұлттық педагогика тағылымдарымен байланыстыра отырып оқыту мен білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануының мақсаты:

Әлемдік білім беру жағдайында ұлттық білім беру жүйесінің дамуы және интеграциялануының кезеңінде жастарға берілер білімінің мазмұнын ұлттық құндылықтармен, мәдениетаралық түсініктермен, ақпараттық жетістіктермен, тілдік байлықпен толықтыру.

Жастардың бойына қоғамның ұлттық экономикалық және әлеуметтік саласына деген ұлттық таным негізін қалыптастырып, өзінің отбасының, достарының, айналасының, жалпы қоғамның әл - ауқатын ойлайтын жауапкершілігін сезіндіру.

Ұлттық білім – еркіндік пен таңдаудың көзі әрі дем берушісі. Білімге әлеуметтік тапсырыс беруші – жалғыз мемлекет емес, мүдделі мекемелер, ойлы да іскер адамдар болуы тиіс. Алдағы уақытта да, заман талабына сай, білімді әлемдік деңгейге жеткізудің бірден - бір жолы, бұл – инновациялық қызмет. Сол үшін әр ұстаздың алдына өз пәнін ұлттық жаңа педагогика тағылымдарымен байланыстыра отырып оқытудың мазмұнын жаңарту, өзінің шығармашылығын дамыту мен шеберлігін шыңдап озық технологияны жетік меңгеріп, әр күнгі сабағына тиімді әдіс - тәсілді пайдалану, тәуелсіз еліміздің ертеңі саналатын – білімді ұлттық ұрпақ тәрбиелеу міндеті болып табылады.

Ұлттық педагогика мен ұлттық психология тағылымдарын пайдалану, «Физика» пәнінің әр тарауларынан сабақ түрлері білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тарауды пысықтау кезеңін сапалы өткізуге, материалды толық меңгеруге көмектеседі. Халық шығармашылығы элементтерін халықтың педагогика әдістерін пайдалана отырып физика пәнін оқытумен қазіргі кездегі сол пәнді оқытудың арасында жас ұрпақтың физикаға қызығушылығын арттырады.

Сонымен бірге, білім алушы ойын дамытып, өзіндік пікір айтуға үйретеді. Білім алушыларды құрғақ жаттандылықтан аулақтатып дербес ойлап, әрекет етуге жетелейді. Ертедегі қазақ халқында да "зат" туралы және олардың сипаттамасы: құрамы, құрылысы, қасиеті туралы білім мен біліктер қалыптасты. Жекелеген тақырыптарда ұлттық бұйым, ұлттық ұғымдарды пайдалануға болады. Мысалы, сырға, сақина – физикалық дене, күміс – зат; келі - келсап - физикалық дене, ағаш – зат; торсық - физикалық дене, былғары – зат. Құрамына келсек, олар заттың әр түрлі заттардан құралатынын білді. Мысалы: сүттің құрамына су және май кіретінін біліп, одан май алып, қалған заттарынан қатық, құрт, ірімшік алды.Әрбір зат өте майда ұсақ бөлшектерден тұратынын білді. Мысалы, тұзды ұнтақтағанда майда бөлшектерге бөлінеді, сол тәрізді кез-келген затты майдалағанда өзін құрайтын майда заттарға бөлінетінін білді.Заттың үш күйіне, шошыған балаға қорғасыннан қорықтық құю, қорғасынның қатты, сұйық күйлерін түсіндіре отырып айтуға болады.

Жыл мезгілдері туралы: физикалық шама уақытты үйрету барысында көшпелі қазақтар уақытты кеңістікке барынша кіріптар болуы бір жылды төрт маусымға бөліп, әр маусымды үшке жіктеген. Бес саусақты әр түрлі есептеулерге пайдаланған. Мәселен, әр саусақты буын саны үштен, төрт саусақ жылдың мезгіліне сәйкес келеді. Саусақтың салыстырмалы ұзындығы жыл мезгіліндей күннің ұзақтығын көрсетіп тұрады.«Балаң үйрек» - наурыз, көкек, мамыр

(көктем)«Ортан терек» - маусым, шілде, тамыз (жаз)«Шылдыр шүмек» - қыркүйек, қазан, қараша (күз) Кішкене бөбек» - желтоқсан, қаңтар, ақпан (қыс).

Қазақтың әдеп - ғұрып, салт - санасында кездесетін кейбір элементтерді физика сабағында қолдануға болады. Біз осыдан жазу - сызуы болмаған халқымыздың табиғат құбылыстарын дұрыс түсіне білгендігін, көргендігін, данышпандығын аңғарамыз.

Мысалы, «Ньютонның қозғалыс заңдарын» өткенде қазақтың ұлттық спорт ойындары – «Арқан тарту», «Күш сынау», тағы басқаларын айтса, сабақтың мазмұны байып, құндылығы артады, оқушылардың білімі молаяды.«Диффузия құбылысы» тақырыбын өткенде айран үйыту, құрт қайнату, нан ашыту қалай орындалатынын айтып кеткен орынды. Айран үйытқанда немесе нан ашытқанда судың жылы болуы, температура жоғары сайын молекулалардың бір заттан екінші затқа өтуі шапшаң жүретінін көреміз. «Қысым» тақырыбын өткенде бабаларымыздың ағаш қазықтың үшын неге үшкір етіп жасағанын түсіндірген тиімді.«Механикалық толқындар» тарауын өткенде домбыраның қалай дыбыс шығаратын аспап екенін айта кету керек. Алдымен тыныштықта тұрған ішекті тепе - теңдігін бұзып тербелтеміз, екіншіден ішектің тербелісі ауаға беріліп, ол арқылы дыбыс бізге жетеді, үшіншіден домбыраның беттік тақтайы да тербеліске түседі. Домбырамен бірге қобыздың қалай дыбыс шығаратынына тоқтала кеткен жөн.«Броундық қозғалыс» тақырыбына келейік. Бұл сабақта да тартымды етіп өткізудің сан алуан жолы бар. Нақты дәлелге жүгінсек, күбіге айран піскенде майдың түсуі, қатты дене бөлшектерінің сұйықтағы қалықтаған қозғалысы екенін жатық тілмен әңгімелеген жөн. Өз елінің өз ұлтының ұлтжанды патриотын тәрбиелеймін деген кез-келген ұстаз, педагогика ғылымының бір саласы этнопедагогикамен және қазақ этнопедагогикасымен қарулануы қажет.

Білім алушылардың басым көпшілігі физика пәнін тек қаптаған жалаң формулалар, заңдылықтар деп түсінеді. Осы себептен де физика сабағында халықтық педагогика негізінде ұлттық салт - дәстүрлерді уағыздап, жас ұрпақ санасына дарытуды, осы арқылы пәнге қызығушылығын арттыруды мақсат еткен жөн. Халықтық педагогиканың бір саласы – ұлттық ойындар. Біріншіден ойын сергіту сәті болса, екіншіден оқушылар ойынға қатысу үшін өз білімдерін үнемі толықтырып отырады.Белгілі бір тақырыпты өткен кезде мысал ретінде қажетті мақалды келтіре отырып, оның тәрбиелік және физикалық мәніне түсінігін берген өте пайдалы. Мысалы, «Кебу және конденсация» тақырыбын өткенде «Аузы күйген үрлеп ішеді» деген мақалды оқушыларға айту керек. Мақалды тәрбиелік мәні, жіберген қатені екінші рет қайталамай дер кезінде қорытынды жасауға меңзесе, физикалық тұрғысынан ыстық нәрсені үрлесек, кебу процесі тездетіліп, оның температурасының төмендейтінін ұғуға болады. Осы сияқты басқа да мақал - мәтелдерді тақырыпқа сай айтып отырса, білім алушылардың ұлттық сана - сезімін оятуға, дамытуға берер әсері көп.Білім алушының ойлану, танымдық, білімділік ұғымдар мен түсініктерді ой елегінен өткізіп, тұжырым жасап, шешімге келуде тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін жұмбақ шешкізудің маңызы зор. Мысалы,

Көкке қараған, жұлдыз санаған. (телескоп).
Туыстарын шетінен,
Өбеді де бетінен.
Бала-шаға ұсағын,
Бауырына қысады. (магнит).
Аса қажет өмірге халық үшін,
Пайдаланамыз күн сайын жарық үшін. (ток).

Халықтық педагогиканың тағылымдары физика сабағында қолдану - оның білімдік және тәрбиелік маңыздылығын жүзеге асырады. Сонымен қатар халықтың салт - дәстүрлерін қастерлеп, оқушыларды ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сыдықов Ж.Н. «Мектеп оқушыларының физикалық ұғымдарды меңгеруінің әдістемелік ерекшеліктері». Қазақстан Республикасы, Алматы, 2007 ж, Автореферат.

2. Қожахметова К. Халықтық педогогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы: Білім Министрлігі.

3. Қазақ халқы жинақтаған практикалық тәжірибені физикада тиімді қолданудың әдістері. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ //Оқытудың инновациалары: шетел азаматтарын ЖОО-ға дайындаудық

тиімділігін арттырудың өзекті мәселелері.// Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. -Алматы,2010

Ерназарова Г.И., Турашева С.К., Оразова С.Б., Нармуратова М.К.

МӘСКЕУ ҚАЛАСЫ, М.В. ЛОМОНОСОВ УНИВЕРСИТЕТІ, ҰСТАЗДАРДЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ КУРСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ АЯСЫНДА: МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫ ОРЫНДАУҒА ДӘРІПТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жаңа білім стандарттары заманауи биология пәні мұғалімін оқушылар білімінің мазмұнын анықтаудың жүйелі тәсіліне бағыттайды. Бүгінгі таңда тек нақты биологиялық білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар білім алушыларды бұқаралық шараларға қатысуға, өз пікірін сауатты түрде қорғауға, сұрақтарға жауап беруге және т.б. үйрету маңызды. Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын зерттеу жобасын бұқаралық қорғауға дайындау және өткізу барысында қалыптастыруға болады.

Оқушының зерттеу жобасын ғылыми-практикалық конференцияда, конкурста немесе оқылымдарда қорғауға үсынардан бұрын, ғылыми жетекші жобаны мұқият тексеріп, пікір жазып, оны оқушымен талқылап, оқушыны көпшілік алдында сөйлеуге дайындау керек.Мектеп оқушысының зерттеу жобасының ғылыми жетекшісі – баяндама мәтінін жасау мен компьютерлік презентация дайындаудағы жас зерттеушінің бірінші көмекшісі.

Зерттеу жобасына пікір жазу

Биологиядан зерттеу жобасы жазылғаннан кейін, оны пікір алуға берген дұрыс. Ғылыми жетекші оқушының жұмысы туралы өзі де пікір жаза алады, бірақ «сыртқы» пікір де артық болмайды, мысалы, оны аралық пән мұғалімі, жоғары сынып оқушысы, ғалым-биолог жазуы мүмкін.

Пікір құрылымы төмендегідей болуы керек:

1. «Басы» (жоба авторы кім, тақырыбы қандай, жұмыс қандай білім саласын қамтиды, қандай білім беру мекемесінде орындалған).

2. Пікір мәтіні:

1) Кімнің жұмысы, тақырыбы, жұмыс не туралы, оның өзектілігі, проблемасы,

2) Жұмыстағы жағымды нәрселер:....

3) Қорытынды бар ма, ол не туралы.

4) Жұмыстың жағымсыз жағы (рәсімдеуден басқа), кемшіліктері. Егер жағымсыздары жоқ болса – ештеңе жазбаңыз. «Жұмыста кемшіліктер жоқ» деген сөйлемді пайдаланбаған дұрыс.

5) Жұмыстың рәсімделуін бағалау (стандартқа, үлгіге, жалпы ережелерге сәйкес немесе сәйкес емес).

6) Жұмыстың жалпы бағасы (үздік, жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз).

7) Жобаны пайдалану бойынша толықтамалар мен ұсыныстар (жұмысты пайдалану перспективасы және т.с.с.) енгізуге болады. Мысалы, осы жобаны биология сабақтарында «Балдырлар» тақырыбын өткен кезде пайдалануға болады.

3. Пікірге қол қою.

1) Пікір жазылған мерзім (күні, айы, жылы).

2) Пікір авторы туралы мәліметтер, оның қолы мен толық аты-жөні).

Пікір үлгісі төменде берілген.

Алматы қаласының № ..... ЖББМ 11 «А» сынып оқушысы
АмангелдиноваМадинаның биология пәні бойынша
«Макробентосты талдау әдісі арқылы су тоғандарының ластану деңгейін анықтау» тақырыбына жазған зерттеу жобасына
Пікір

Ражанова Айшаның «Макробентосты талдау әдісі арқылы су тоғандарының ластану деңгейін анықтау» тақырыбына жазған зерттеу жобасында экология саласындағы өзекті тақырыптардың бірі алынып, макробентосты талдау әдісін пайдалану практикасының мазмұны

ашылып, көрсетілген. А.Ражанованың жұмысында қоршаған орта жағдайы мониторингі саласында заманауи биологиялық ғылымда жинақталған материал көрсетілген ақпарат берілген. Осы түрғыдан су тоғандарының ластану деңгейін анықтау бойынша әртүрлі зерттеулер жүргізу қажеттілігі негізделген. Автор макробентосты талдау әдісінің мазмұнын анықтаған, оны қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындаған, макробенотосты талдау әдісін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жағдайлар нақтыланып, оны пайдалануды шектеу анықтаған.

Жобада зерттеу тақырыбы аясында жүргізілген және макробентосты талдау әдісін пайдалану барысында су тоғандарының ластану деңгейін бағалау тиімділігін көтеру туралы алдыға қойған гипотезаны растайтын биологиялық экспериментке үлкен назар аударылған. Эксперименттің статистикалық деректері мен бақылау-өлшеу материалдарының құрылымы тәптіштеп баяндалған.

Зерттеу жұмысының жағымды сипаттамасы, оның авторы зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде экожүйе теориясы мен жүйелі тәсілді алғаны болып табылады.

Осы зерттеудің нәтижесі – макробентосты талдау негізінде су тоғандарының ластануына талдау әдістемесі – экология түрғысынан үлкен қызығушылық танытады. Жұмыста осы әдісті көрсететін автор сүлбасының болуы, ол осы зерттеу нәтижелерін практикалық қолдану мүмкіншілігі туралы нақты түсінік жасауға мүмкіндік береді.

Зертту жобасында ғылыми биологиялық зерттеудің барлық әдіснамалық сипаттамалары берілген, мәселе теориясы мен эксперименталдық деректер қысқа баяндалған, сүлба, кесте, сурет түрінде берілген қосымшалары бар.

Жұмыс ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай рәсімделген.

Ражанова Айшаның «Макробентосты талдау әдісі арқылы су тоғандарының ластану деңгейін анықтау» тақырыбына жазған зерттеу жобасының материалдарын талдау жүргізілген зерттеуді жағымды бағалап, бес баллдық жүйе бойынша – «үздік» деп бағалауға мүмкіндік береді.

11 қыркүйек, 2015 жыл

№ 15 ЖЖБМ _____

Биология пәнінің мұғалімі, (қолы)

педагогикалық ғылымдар кандидаты

Зерттеу жобасын көпшілік алдында қорғау қалай өтеді

Зерттеу жобасын қорғау бірнеше кезеңді өтеді. Көлемді сүлбасы мынадай:

1-кезең. Конференция қатысушыларын тіркеу.

2-кезең. Конференцияның салтанатты ашылуы.

3-кезең. Пән секцияларының жұмысы.

4-кезең. Үзіліс.

5-кезең. Секция жұмысын қорытындылау.

6-кезең. Конференция жұмысын қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау.

Оқушылардың зерттеу жобаларын қорғау пән секцияларында жүргізіледі. Баяндамашының әр уақытта сөйлеуге дайындалуға: презентацияны қосуға, демонстрациялық материалдарды және т.с.с орналастыруға уақыты болады. Мұғалым (ғылыми жетекші) тек осы кезеңде ғана өз оқушысына көмектесе алады. Бұдан әрі – жоба авторының дербес жұмысы басталады: сөйлеу, жюри мүшелері мен секция тыңдаушыларының сұрақтарына жауап беру. Сұрақтар әртүрлі болуы мүмкін, және баяндамашы толқығанынан оларға жауап бере алмай қалуы да мүмкін, осындай жобаны қорғау кезіндегі қиын жағдайда тек дау, пікірталас пен пікірсайыс туралы білім ғана көмектесе алады.

Зерттеу жобасының авторын пікірталас пен пікірсайысқа дайындау

Зертту жобасын қорғау барысында тыңдаушыларда сөйлеушіге қоятын сұрақтары пайда болуы мүмкін. Оқушылар кейде, сұрақтарды сөйлеп түрған адамды «құлату» үшін, баяндама

үшін бағаны төмендету үшін қояды, деп ойлайды. Ал іс жүзінде олай емес. Сұрақтар баяндама мазмұны қызықтырғанда, ол туралы көбірек білгісі келгенде, қандай да болмасын ережелерді анықтағысы келгенде, өз білімін кеңейту ниеті пайда болған кезде туындайды. Жюри мүшелері, егер баяндамашы бір жерде қателесіп кеткенде немесе нақтыламаған жағдайда, баяндама үшін бағаны көтеру үшін сұрақтар қояды.

Сұрақтарға жауап беру кезінде баяндамашы келесі ұсыныстарды сақтағаны дұрыс:

1. Сұрақты мұқият тыңдап алу керек.
2. Егер қажет болса – сұрақты жазып алу керек. Егер бір емес, бірнеше сұрақ қойған кезде, жазба көмектеседі.
3. Егер сұрақты түсінбей қалсаңыз - қайтадан сұрау керек немесе сізге қойылған сұрақ бойынша өз нұсқаңызды ұсыныңыз.
4. Сұрақ қойған адамға құрмет көрсете отырып, еркін жауап беру керек. ҚОйылған сұрақ үшін рахмет айтудың керегі жоқ.
5. Егер сізден сұрап тұрған нәрсе туралы сіз айтып кеткен болсаңыз да, қайтадан айтып беріңіз. «Мен ол туралы өз баяндамамда айтқанмын»,- деп айтуға болмайды.
6. Егер сұраққа нақты жауапты ұмытып қалсаңыз, оны жоба мәтінінен тауып алып, оқып беріңіз. Сұрақтарға жауап беру барысында пайдалануға болатын алдын ала дайындап алған сөздік үлкен көмек көрсетеді. Сөздікті зерттеу жобасының мәтініндегі «Қосымшалар» бөліміне енгізуге болады.
7. Егер жауаптың дұрыстығына күмәнденетін болсаңыз, «....солай деп болжауға болады, деп ойлаймын» деген сөйлемді пайдаланыңыз.
8. Егер сізге жоба тақырыбынан тыс сұрақ қойылса, ол сұрақ осы зерттеу мәніне кірмейді, деп айтып, жауап бермеуге болады. Бірақ, егер сіз жауабын біліп тұрсаңыз немесе болжап тұрсаңыз – жауап беріңіз.
9. Егер сіз мүлде жауабын білмесеңіз, тіпті ойыңызға ештеңе түспей тұрса , - онда жаман, бірақ бәрібір де жауап беру керек. Бірақ жауабын білмеймін, деп айтпаңыз. Осы сұрақты сіз кейінгі зерттеулерде қарасытамын деп, ойлайтыныңызды айтыңыз.

Оқушылырды зерттеу жобасын қорғауға дайындау барысында ***пікірсайыс*** пен ***пікір-талас*** туралы білім маңызды көмек көрсетеді. Әдетте көбіне сұрақтарды даудың осы түрлері тұрғысынан қояды ғой.

Пікірталас пен пікірсайыс арасындағы қағидатты айырмашылық олардың мақсатында. *Пікірталас* мақсаты – оған қатысушылардың белгілі бір деңгейде келісімге келуі. *Пікірсайыс* мақсаты – қатысушылардың бір тарабының екінші тарапты жеңуі, өз көзқарасын бекіту. Пікірталас пен пікірсайыс қатысушыларын да әртүрлі атайды: пікірсайыстағы қарама-қарсы тарапты қарсылас деп, ал пікірталас кезіндегі қарама-қарсы тарапты – оппонент деп атайды. Пікірталас пен пікірсайыс барысында келесі дәлердерге жол берілмейді (А.А.Ивин бойынша, 1990):

- Көпшіліккедәлел – тыңдаушылар пікіріне, сезімдері мен көңіл-күйіне сүйену.
- Түлғаға дәлел – қарсыласты күлкілі етіп көрсететін, оның ақыл қабілеттеріне күмән тудыратын, оның ойларына деген сенімді жоғалтқызатын нақты немесе ойдан шығарылған кемшіліктерді жабыстыру.
- Бұқараға дәлел – адамдардың ұлттық немесе нәсілдік нанымдарын, жалған уәделер және т.с.с. пайдалана отырып, көпшілікті толқытуға тырысу. Осы дәлелді демагогия деп те атайды.
- Адамға дәлел – өз позициясына қолдау көрсету үшін қарсы тарап дауда алдыға қойған немесе ол қабылдаған ережелерде туындайтын негіздерді мысалға алу.
- Мансапқұмарлыққа дәлел – комплимент оны толқытады, қарсылас жіпсіп, икемдірек болады, деген оймен оны дау барысында артық мақтау.
- Тартыншақтық немесе беделге дәлел – өз пікірлері мен идеяларын қолдау үшін, тіпті оның ойынша, олар дұрыс болмаса да, қарсылас дауласа алмайтын адамдар атына жүгіну.
- Дене күшіне дәлел («таяққа») – жағымсыз салдарлармен қорқыту, атап айтқанда, күш қолданумен қорқыту немесе қандай да болмасын мәжбүрлеу құралдарын тікелей қолдану,

- Білімсіздікке дәлел – хабарсыздыққа сілтеме жасау, тіпті кейде дау мәніне қатысты сұрақтарда қарсыластың білімсіздігі; дауласып отырғандардың білмейтін және тексеру мүмкін емес деректерді еске салу.
- Аяушылыққа дәлел – келесі тарапты аяушылыққа және тілектестікке итермелеу.

Көпшілік алдында қорғауға дайындау

Көптеген оқушылар үшін биологиядан зерттеу жобасын қорғау олардың өмірінде бірінші рет болуы мүмкін. Мұғалымның өте маңызды міндеті – баланы осы шараға дайындау. Арнайы сабақ өтуге болады, оның барысында қорғау қалай өтеді, жемісті қорғау үшін не қажет екендігі туралы айтып беру керек.Ол үшін осы дәріс материалдарын қолдануға болады.

Әр сөйлеушіні жеке тыңдауды, қорғау репетициясын өткізуді ұсынамын – ол жобаны қорғау барысында көптеген қиындықтан оңай өтуге көмектеседі.

Зерттеу жобасын бұқаралық қорғауға дайындау барысында, әсіресе, егер осы шара бала оқитын мектептен тыс өтетін болса, тәрбие сипатындағы кейбір сұрақтарға: сыртқы бейне, тәртіп сақтау, аудиториядағы тәртіп және т.б. назар аудару керек.

Егер мұғалім пікір жазу барысында грамматикалық қателіктерді, биологиялық дәл еместікті, жобаны қорғағанға дейін тез түзетуге болатын басқа да кемшіліктерді байқап қалса, онда осындау ескертулерді авторға ауызша айтып, оларды түзетуге, мүмкіндік беріп, содан кейін түзетілген нұсқаны тексеру керек. Егер оқушы сәйкес түзетулер енгізсе, пікірдің соңғы нұсқасында ол туралы айтып қажеті жоқ.

Баяндама мәтінін дайындау

Сөз мәтінін дайындау барысында, баяндама анық, нақты және иллюстрациялы болу керек екенін естен шығармау керек. Баяндамашы өз баяндамасын оқуға құқылы, бірақ, анда-санда мәтінге қарап қойып, әңгімелеп берген дұрысырақ. Баяндамашы регламенттен аспау керек. Әдетте сөз сөйлеу үшін 5 минут және баяндамашыға сұрақ қою үшін бірнеше минут беріледі.

Бяандама мәтінінде келесілер міндетті түрде болу керек:

1. Тыңдаушыларды қарату (мысалы, «Құрметті жюри мүшелері мен конференцияға қатысушылар!»).
2. Зерттеу тақырыбы туралы ақпарат (Сіздердің назарларыңызға «Жәндіктер метаиħморфозасының негізі ретіндегі биохимиялық үрдістер» зерттеу жобасын ұсынамын).
3. Зерттеу өзектілігі, проблемасы, гипотезасы туралы ақпарат.
4. Зерттеу барысы, оның өте жарқын мезеттері, жобадағы ең қызыты мәселелр туралы қысқа баяндау.
5. Зерттеу авторы жасаған қорытындылар.
6. Болашақ зерттеулер перспективасы.
7. Сөзді аяқтау («Тыңдағандарыңызға рахмет» немесе «Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет»). Бұқаралық қорғау кезінде автордың өзінің: «Мен болдым, маған сұрақтарыңыз бар ма?» - деп сұрақ талап етуіне болмайды. Сұрақ қою туралы ұсынысты шараның жүргізушісі жасайды.

Сөз сөйлеу барысында жоба авторы өзі жасаған презентацияны өзі көрсете отырып, баяндаманы толықтырғаны дұрыс. Сөз сөйлеп тұрған оқушыға көмектесу үшін мұғалімнің, ата-анасының немесе басқа оқушылардың презентацияны көрсеткені дұрыс емес, одан аулақ болған жөн.

Компьютерлік презентация дайындау.

Барлық дерлік балалардың ғылыми-практикалық конференциясының регламенті компью-терлік презентацияның болуын қарастырады. Баяндамаға шамамен 5 минут берілетіндіктен, презентацияда слайдтар көп болмау керек, 5-7 әбден жеткілікті. Слайдтарға титул парағын, зерттеудің бірнеше әдіснамалық сипаттамаларын, суреттерді, фотографияларды, сұлбаларды, диаграммаларды, қорытындыларды, болашақ зерттеулер перспективасын орналастыруға болады. «Назар қойғандарыңызға рахмет!» деген слайд міндетті емес.

Автор мен ғылыми жетекші фотографияларын басқа жағдайлар үшін қалдырған дұрыс. Егер музыка зерттеу тақырыбына байланысты болса, мысалы, музыканың адам психологиясына әсері деген сияқты тақырып болса, музыкалық қолдау көрсетуге болады.

Презентация слайдтары мазмұнының үлгілік нүсқалары келесідей болуы мүмкін:

№ 1 слайд. Титул парағы (тақырыбы, авторы, мектебі, сыныбы, ғылыми жетекшісі, жоба орындалған жыл).

№ 2 слайд. Зерттеу проблемасы, мақсаты, гипотезасы.

№ 3 слайд. Мәселе теориясы (иллюстрациялық материал, мысалы, жетекші ұғым, негізгі сұлба, негізгі теория, идея және т.с.с.).

№ 4 слайд. Зерттеудің практикалық бөлігі (иллюстрациялық материал: қорытынды кесте, сұлба, модель, график, диаграмма және т.с.с.).

№ 5 слайд. Жаңашылдығы (автор зерттеу жүргізе отырып, қандай жаңалықты білді).

№ 6 слайд. Қорытынды / қорытындылар.

№ 7 слайд. Болашақ зерттеулер перспективасы.

Зерттеу жобасын қорғау барысында бала толқығанынан презентацияны ұмытып кетіп, баяндаманы оқып, біткенде ғана презентацияны қоспағаны есіне түсетін жағдайлар болады. Бұл жағдайда: баяндаманы толығымен оқып бітіріп: «Енді баяндаманы слайд арқылы көрсетіп шығайын», - деп айту керек. Бұл ретте зерттеудің негізгі мазмұнын ашатын слайдтарға тоқтау керек.

Өз баяндамасын слайд бойынша оқыған дұрыс емес. Сөздің бүкіл мәтіні слайдта көрсетілсе, ол жұмыстың жалпы бағасын төмендетеді, барлығы оқи алады, онда сөйлеудің қандай қажеттілігі бар, деген ой туындайды.

Слайдтардың қайда көрсетілетініне – балалардың ғылыми-практикалық конференциясында көрсетілетініне байланысты рәсімдеу керек. Слайдтарды қатаң тәртіпте рәсімдеу керек (ешқандай гүлдер, көбелектер және т.с.с.) болмау керек. Слайдтар үшін тон биязы болу керек, ал шрифт түсі қара немесе фонға байланысты қоңыр болу керек. Қатты бұлыңғыр, пастельді түстер, әсіресе ашық күнді ауа-райында немесе қараңғылату нашар болған кезде, тыңдаушыларға онша көрінбейтінін естен шығармау керек. Өте біріне-бірі қарсы түстер (көк фондағы сары әріптер) көзді шаршатады. Ал рәсімделген слайдтар тіпті қызықтырмайды. Анимация әсерлерін тек ол қажет болса ғана пайдалану керек. Сонымен оқушыларды ғылыми жобаны талапқа сәйкес қорғауға үйрету ұстаздардың міндеті. Жаңашыл жастардың ғылыми жұмыстарға баулу арқылы,болашақ мамандығын таңдауға көмегін тигізеді.

Каупенбаева Р.Б., **Ахметова М.А.**

ОСОБЕННОСТИ НЕПРЕРЫВНОЙ МНОГОУРОВНЕВОЙ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ В ЕДИНОМ ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ «ШКОЛА-КОЛЛЕДЖ-ВУЗ»

Для современного специалиста характерна неспособность эффективно выполнять свои профессиональные функции вследствие быстрого устаревания приобретенных профессиональных и общекультурных знаний. В этих условиях традиционное образование, предполагавшее получение общих и профессиональных знаний в течение определенного периода обучения, сменяется непрерывным образованием, обеспечивающим приобретение знаний в течение всей социально активной жизни.

Непрерывное образование - это деятельность человека, ориентированная на приобретение знаний, развитие всех его сторон и способностей, включая формирование умения учиться и подготовку к исполнению разнообразных социальных и профессиональных обязанностей, а также к участию в развитии общества.

Непрерывное профессиональное образование является основой развития общества и экономики, оно направлено на достижение всеобщей социализации и профессионализации, на удовлетворение потребностей личности в дифференцированных образовательных услугах, что определяет его приоритетность на современном этапе развития общества.

В свою очередь, непрерывное образование привело к изменению роли образования в современном мире. Оно сделало необходимым переосмысление традиционных фундаментальных педагогических представлений. Непрерывное образование отчетливо выявило несводимость образования к обычному традиционному обучению, ибо оно не может осуществляться посредством существующих традиционных подходов к образованию. Соединение личностно - ориентированной педагогики с непрерывным образованием определило основу развития непрерывного личностно-ориентированного образования.

Толчком для создания теории непрерывного образования, явилась глобальная концепция "единства мира", согласно которой все структурные части человеческой цивилизации взаимосвязаны и взаимообусловлены. При этом человек является главной ценностью и точкой преломления всех процессов, происходящих в современном мире.

Непрерывное образование теряет свою обязательность и всеобщность, свойственное традиционному образованию, и обретает черты процесса, обслуживающего образовательные потребности личности. Образование приобретает персонифицированный, личностно - ориентированный характер. Непрерывное образование предполагает существенное изменение роли педагога. Взаимодействие педагога и обучаемого носит иной характер. Педагогу в основном отводится роль координатора и наставника в этом процессе.

Обучающийся становится основным субъектом образовательного процесса - сам определяет, какая информация необходима для решения его жизненных задач и жизненных проектов, где и как ее получить. Тем самым формирование личности, ее ценностных отношений и ориентаций происходит совершенно на иной основе, на других принципиальных позициях в отличие от традиционного образования. Более того, ценностно-смысловое отношение обучающегося к образованию определяется самой сущностью непрерывного образования. Здесь основным элементом учебного процесса становится не только знание, но и информация.

Итак, имеем две существенно разные модели образования: конечное образование, основанное на принципах просвещения и обучения, - таково образование, обслуживающее социальную потребность распространения знаний, сохранения и воспроизводства культуры; непрерывное образование, в основе которого лежит принцип информирования, - таково образование, содержание которого определяется потребностью обучающегося в знаниях и информации, необходимых для решения его личностно - значимых задач. Оба вида образования не исключают, но дополняют друг друга.

Так как непрерывное образование - это учебный комплекс, действующий на основе интеграции дошкольного, школьного, послешкольного звеньев образования, то будучи гибкой открытой системой, она представляет возможность подключиться обучающемуся для приобретения необходимых ему знаний. Непрерывное образование - фундаментальный принцип построения новой модели образования.

Система непрерывного образования к тому же является более экономной по сравнению с существующими локальными образовательными структурами за счет сокращения расходов и сроков на подготовку специалистов со средним и высшим профессиональным образованием. Кроме того, имеет невиданные возможности и преимущества для развития, самосовершенствования и получения полноценного образования каждой личностью в современных условиях информационного общества независимо от территориального проживания и социально - экономических условий. Итак, непрерывное образование отличается масштабностью и доступностью к образованию широкой массы населения страны.

В современных условиях социально - экономического развития общества совершенствование системы непрерывного образования должно стать одним из главных направлений в модернизации образования.

Как показывает реальная действительность, успешная реализация непрерывного многоуровневого образования происходит посредством образовательных комплексов как "школа-колледж-вуз" или "школа-вуз", ибо в них созданы социально-организационные и психолого - педагогические условия обеспечения этого процесса.

Однако рассматриваемые педагогические комплексы, имея общие цели, задачи и стратегию развития, в то же время имеют принципиальные отличия в реализации миссии непрерывного многоуровнего образования, которые непременно вносят свои особенности в

этот процесс. Поэтому остановимся на характерных особенностях реализации непрерывного многоуровнего образования в системе "школа-колледж-вуз". Здесь центральное место занимает среднее профессиональное образование. В данной системе происходит более эластично смена уровней образования на стыке "школа" и "колледж", чем на стыке "школа" и "вуз", ибо эти уровни очень близки по методам организации процесса обучения, использования педагогических инноваций и технологий, по сложности образовательных программ и профессиональной компетентности педагогических кадров. То есть обеспечивается надежно принцип преемственности в образовании, а также реализуются наиболее полно и в кратчайшие сроки адаптивные возможности учащихся. Этим позитивным ресурсом следует непременно воспользоваться в процессе многоуровневой подготовки специалистов. Профессиональное становление обучающихся должно подкрепляться развитием их творческого потенциала на основе широкого привлечения к поисково-исследовательской работе. Это обеспечит опережающее формирование профессиональной готовности студента на следующей ступени образования. Более того, необходима реализация принципа фундаментализации образования, которая позволит приобрести обучающимся фундаментальные теоретические знания для дальнейшего профессионального развития и самосовершенствования.

Согласно современным концепциям образование является фундаментальным, если оно представляет собой процесс нелинейного взаимодействия человека с интеллектуальной средой, при котором личность воспринимает ее для обогащения собственного внутреннего мира и благодаря этому созревает для умножения потенциала самой среды.

Фундаментальное образование реализует единство онтологического и гносеологического аспектов учебной деятельности. Онтологический аспект связан с познанием окружающего мира, гносеологический - с освоением методологии и приобретением навыков познания.

В процессе многоуровневой подготовки специалистов существенную роль играет междисциплинарный подход к образованию, способствующий формированию системных и обобщенных фундаментальных знаний, необходимых для дальнейшего профессионального развития и самосовершенствования. Характерной особенностью ступени "колледж" является то, что на этом этапе имеются потенциальные возможности и ресурсы для успешного формирования у студентов профессионально значимых личностных качеств.

Основные действия и усилия педагогических кадров на ступени "колледж" направлены на формирование личности специалиста, на развитие его профессионального, нравственного и творческого потенциала. Однако, на этой ступени не всегда возможна эффективная подготовка студентов к обучению в вузе, особенно по ускоренной форме подготовки специалистов. Во-первых, это связано с недостаточной готовностью педагогических кадров обеспечивать преемственность в образовании на следующей ступени. Во-вторых, образовательные программы и учебные планы ступеней "колледж" и "вуз" разработаны без должного учета преемственных связей. В-третьих, колледжи в целом имеют слабую оснащенность материально-технической и лабораторной базы, что отражается негативно на обеспечение преемственности в образовании при изучении специальных дисциплин. В-четвертых, определенное отрицательное воздействие оказывает и среда обучения. В-пятых, уровень фундаментальной подготовки в колледжах значительно отличается от вузовского по многим позициям. Для устранения выявленных недостатков и несоответствий необходимо привести в определенное соответствие государственные образовательные программы дисциплин и учебные планы, тем самым, обеспечивая, прежде всего, преемственность в образовании на стыке "колледж - вуз". Эта проблема является многоплановой, ее решение требует глубокого изучения и сравнительного анализа образовательной ситуации на стыке "колледж" и "вуз". В то же время большинство из этих проблем автоматически снимаются в едином образовательном пространстве "школа-колледж-вуз" в силу активного взаимодействия и интеграции уровней профессионального образования.

Безусловно, дальнейшее продолжение учебы в вузе, начиная с первого курса, обеспечивает выпускнику среднего профессионального учреждения высокую готовность к профессиональному становлению. Как показывает педагогическая действительность, образовательная система "школа-колледж-вуз" способна обеспечивать более высокую профессиональную готовность специалистов по сравнению с образовательным комплексом "школа - вуз", их отличает мобильность и гибкость в условиях реального производства.

Обладают высокими адаптивными возможностями к быстро изменяющимся условиям рынка труда и могут уступать специалистам, подготовленным в системе "школа-вуз", только в области фундаментальных знаний, что подтверждается экспериментальными исследованиями. Они более подготовлены к управленческой деятельности. Со временем в реальных производственных отношениях специалисты, подготовленные в образовательных комплексах "школа-колледж-вуз" и "школа-вуз", постепенно выравниваются.

Современная система непрерывного образования характеризуется открытостью, многоступенчатостью, многоуровневостью, многофункциональностью, гибкостью, динамичностью. Истоки концепции непрерывного образования представлены во взглядах Аристотеля, Сократа, Платона, которые связывали их с достижением полноты человеческого развития. Система непрерывного образования несет в себе такие интегративные качества, как целостность, преемственность, гибкость, динамичность, адаптивность, и, в отличие от традиционной системы образования, ориентируется на цельное развитие человека как личности на протяжении всей жизни, помогает адаптироваться в быстроменяющемся мире, дает возможности для саморазвития. Содержание образования ориентировано на опережающее отражение проблем развития общества и предполагает преемственность на всех этапах. Помимо самих знаний, умений и навыков, в содержание образования входит активная подготовка к самосовершенствованию и приобретению личного опыта. Учащийся, обучающийся и студент – субъект учебного процесса, педагог – организатор учебы. Как правило, основными уровнями непрерывного профессионального образования в Казахстане следует считать школу, колледж, вуз, послевузовское образовательное учреждение. Процесс преемственности при этом следует анализировать в горизонтальной плоскости. В этой связи встает вопрос моделирования как сосуществования и сотрудничества образовательных учреждений разного уровня, так и моделирования подготовки специалиста в условиях непрерывного образования.

Формирование творческой личности - главная миссия непрерывного образования. Ее решение приближает к стратегической цели - подготовке конкурентоспособного специалиста на современном рынке труда.

Наиболее эффективным и результативным условием развития творческих способностей является научно-исследовательская работа. Анализ накопленного в этом направлении опыта, современные требования общества к подготовке специалиста ставят на повестку дня необходимость разработки научно - обоснованной стратегии и методики организации поисково - исследовательской работы студентов в образовательных комплексах. В этом видится перспективы и ресурсы формирования высокой профессиональной готовности выпускников в едином педагогическом пространстве "Школа-колледж-вуз".

Список литературы

1.Ильин Г. От педагогической парадигмы к образовательной // Высшее образование в России. - М., 2000. -№1. -С. 64-69.

2.Ильмушкин Г.М. Концепция единого педагогического пространства в системе "Школа-колледж-вуз" в малых и средних городах России: Монография. - Самара: Изд-во Самар. ГПУ, 2001. -144 с.

3. Фомин Н.В. Теоретическая модель конкурентоспособного специалиста. Инновации в образовании 2004 г. № 3 С. 74-82.

Нурканова Р.О., Аппакова М.Н.

РАЗВИТИЕ КОЛЛЕДЖА В СИСТЕМЕ НЕПРЕРЫВНОГО ЦИКЛА ОБУЧЕНИЯ «ШКОЛА-КОЛЛЕДЖ УНИВЕРСИТЕТ» В КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

На современном этапе развитие технического и профессионального образования (далее ТИПО) происходит под влиянием коренных изменений в Казахстане, связанных с формированием гражданского общества, с увеличением рыночного сектора экономики, с процессами регионализации, с изменениями в сфере занятости, с возросшим спросом на рабочую силу.

В ежегодных **Посланиях Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана** большое внимание уделяется формированию «ядра национальной системы» дуального, технического и профессионального образования. В перспективе, предлагается предусмотреть переход на гарантирование государством получения молодыми людьми технического образования.

Традиционная система ТИПО имела ряд таких характерных недостатков, как:

✓ разрыв между теоретической и практической подготовкой студентов;

✓ «поэлементное» научение, рассмотрение студента как объекта, а не как субъекта личностного и профессионального развития и др.

